

«Білім айнасы» 2020 ж.

**«Білім айнасы» газетінің қосымшасы қараша 2020ж. №11 (166-журнал)  
Приложение к газете «Білім айнасы» ноябрь 2020 г. №11 (166-журнал)**

*Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.*

*Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.*

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.*

*Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.*

**Аты:** «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

**Название:** Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

**Тілі:** қазақша, орысша.

**Язык:** казахский, русский.

**Негізгі тақырыптық бағыты:** білім саласына арналған танымдық газет.

**Основное тематическое направление:** научно-познавательная газета для образовательной сферы.

**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы

**Территория распространения:** Республика Казахстан

*Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.*

*Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.*

**Нұр-Сұлтан, 2020 жыл**

**Мазмұны:**

**Содержание:**

1. Сапарғалиқызы А. – Мектепалды даярлық топтарында ойын технологиясы арқылы балалардың тілдік қорын, ойлау қабілетін дамыту.....	3
2. Исмаилова А. Т. – Өзін-өзі тану пәнінің рухани-адамгершілік тәрбие жүйесіндегі маңызы.....	6
3. Иргебаева А.Б. – Өнегелі тәрбие – отбасынан басталады.....	9
4. Мырзахат Э.С. - Дидактикалық ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту.....	13
5. Нарбекова А. - Бала тәрбиесі - баршаға ортақ.....	15
6. Нуржанова А.А. - Саусақ моторикасын дамыту ойындары.....	16
7. Бейсембай Н.А. - Сүйікті ойыншығым.....	18
8. Доланова Г.Л. - Жіктеу есімдігі.....	20
9. Жетпісбаева М.С., Жүнісбекова Б.Д. - Төтенше оқиғалардың бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табуы.....	25
10. Мадиева Г., Юнусова А. - К юбилею великого учёного аль-Фараби.....	29
11. Жамбылқызы М., Джайдакпаева С.У.-КАЗНУ и его верность своей миссии..	30
12. Абдыханов А.А. – Эстафеталық ойындар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру.....	31
13. Шыңғысова Н.Т., Мұхтар Д. - Бұқаралық ақпарат құралдарындағы агрессияның қоғамға әсері.....	33
14. Едилова Данара. - Тәрбиеші бала жүрегінде.....	37
15. Едилова Динара. - Тәрбиеші бала жүрегінде.....	39



**Сапарғалиқызы Ақшолпан,**  
Жамбыл облысы Байзақ ауданы,  
Амангелді атындағы орта мектептің  
даярлық сыныбының мұғалімі

## **Мектепалды даярлық топтарында ойын технологиясы арқылы балалардың тілдік қорын, ойлау қабілетін дамыту**

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» – деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алды. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Балалар ойын арқылы тез табысып, жақсы ұғысады, бірінен – бірі ептілікті үйренеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай олардың мінез – құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым – қатынастарымен танысады.

Ойын технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез – келген бала да, адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ. Ойын – дегеніміз не? Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын. Соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай – ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады.

Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Оның үстіне дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой – өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

- ✓ Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтар мен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
- ✓ Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино», т. б.
- ✓ Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл – ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады.

Өз іс – тәжірибемде мен балалармен тілдік дидактикалық сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр – түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым – қатынас жасай білуге үйретемін. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

– балалардың сөздік қорларын дамыту;

– жаңа сөздерді меңгерту;

– үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Баланың тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеуде, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын дамыту үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта ойналатын дидактикалық ойындарды пайдаланамын.

Ойынның барлық кезеңдерінде баланың қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды, бала одан әрі нәтижелі дамиды. Ойын баланы ұқыптылыққа үйретеді, өз бетінше әрекет етуге тәрбиелейді, тез әрі тереңнен ойлау қабілетін дамытады. Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Мектепалды даярлық сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді. Сабақ сапасы жақсартады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады. Сондықтан кез - келген сабақты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек. Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалардың өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болу мүмкін. Сюжетті - рөлді ойындар бейнелеу құралы рөл мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мектепалды даярлық сыныптарында адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Мектепалды даярлық сыныбының балаларын оқытқан кезде, дидактикалық ойыншықтар мен материалдарға көбірек көңіл бөлу арқылы балалардың белсенділігін арттыруға болады. Балаларға ойындардың мәнділігін, оларды өткізудің әдістерін ойластыра отырып балаларға әсер ете білу, дидактикалық тапсырмаларға барлық балаларды қамтуға тырысу, ойын-сабақтар арқылы тиімді білім беріп, «қабылдау, ойлану, сөйлеу» психикалық процестерін жетілдіру, баланың ойлау және қиялдау қасиеттерін дамыту. Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманның бағыт- бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген оқушы үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз. Осы орайда кез-келген оқушы үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Ойын –бір жағынан баланы бірден қуанышқа бөлесе, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған. Өйткені ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін рухани адамгершілік сезім, қасиеттер мен дағдылар, икем қалыптасады. Сонымен бала өмірінен маңызды орын алатын оқытудың бір түрі-ойын, жаттығулар екені анық. Олай болса «оқыта отырып ойнайық, ойната отырып оқытайық» деген пікірді ұстана отырып, балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Мұғалім жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптасытыра алатын, адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оның түсіндіре алатын адам болуы керек. Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді. Сондай-ақ, балалар адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен қарым-қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті - баланың қызығушылығын оятып белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Кейде ойынның мазмұны, ережесі балаға дұрыс түсіндірілмейді де, балалар оған қызықпайды, зейін қойып тыңдайды. Оның үстіне дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Балаларға алдарына қойылған дидактикалық тапсырмаларды өз беттерінше орындау үшін мұғалім көркем әдебиетті оқып беру, алдын ала жұмыс жүргізу керек. Оқыту жолдарының көптүрлілігі, олардың бірте-бірте жетілуі педагогтар алдына тиімді жолдарды анықтап, қолдану керектігі туралы күрделі мәселе қояды. Сондықтан әр педагогқа сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту технологиясы және әдістемесі, технологиялар жүйесі. Шымкент, 2015.
2. Утетилеуова Қ. Баланың жан-жақты дамуындағы ойынның рөлі. Бала мен балабақша №7, 2016.
3. «Отбасы және балабақша» №11, 2002.
4. «Баланы мектепке дайындаймыз» ЮНИТА-13, 2018.
5. «Тәрбие құралы» Республикалық ғылыми педагогикалық журнал. 5-2010.



**Исмаилова Алтынай Талгатовна,**  
Жамбыл облысы Байзақ ауданы,  
Амангелді атындағы орта мектептің  
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі

### **Өзін-өзі тану пәнінің рухани-адамгершілік тәрбие жүйесіндегі маңызы**

*Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие керек,  
тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауы.  
Әбу Насыр Әл – Фараби*

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде жастардың бойында әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, көптүрлі мәдениеттерді құрметтеуге тәрбиелеуге, руханилыққа, адамгершілікке қызығушылығын оятуға, өскелең ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін дамытуға баса назар аударылып отыр. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі адамгершілік пен руханилықты дамытуға бағытталған. Соңғы онжылдықта оқытушылар, тәрбиешілер және ата-аналар алдында жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесі туындады. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

- тәрбие үрдісі оқушылардың рухани адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;
- оқушылар рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;
- оқушылар жеке тұлғаның және әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетіне көрсете алу мүмкіндігін ерікті тандаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Сондықтан, әрбір оқушы өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс деп ойлаймын. Өзінің оқушысын өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйретпеген мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтынын біледі. Бала ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы тиіс. Білім беру үрдісінде адамның үйлесімді даму міндеті тек әлемдік және ұлттық мәдениеттің үлгілерін құндылықты меңгеру арқылы ғана шешілетіні анық. Қазіргі таңда осы мәселе, яғни келешек ұрпақтың адамгершілік рухани құндылықтарын дамыту арқылы білім беру мәселесі алға қойылып отыр.

Жаңа ғасыр толқыны әкелген жаңалықтарға сәйкес қазіргі заманда адамның тұлғалық дамуына баса назар аударылып, жас жеткіншектерге берілетін білім негіздері олардың жеке даралық қабілеттерін жетілдіруге қызмет етеді. Әр баланың ішкі мүмкіндігі мен өзіндік қарымын дамытуға әсер ететін рухани адамгершілік қағидалары жеке тұлғаның өзін - өзі дамытуының, өзін - өзі жүзеге асыруының аса қажетті шарты болып табылады.

«Өзін - өзі тану» пәнінің басты мақсаты - рухани-адамгершілік құндылықтарды негізге алатын, ойы, сөзі мен ісі бір жерден шығатын көркем мінезді адамды тәрбиелеу. Тіпті Абай өз заманында былай деген екен: «Білім мен ақыл - ойды сақтайтын қойма - адамның мінезі. Білімді сақтайтын берік қойма болмаса, оқудан пайда болмас». Ал тәрбиенің негізі дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар - ождан мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Рухани - адамгершілік тәрбие баланы мейірімділікке, әдептілікке, отаншылдыққа, өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін - өзі жетілдіруге, табиғатты сүйуге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт - бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге үйретеді. Осы қасиеттерді үйрететін пән мұғалімі балаларға жылы жүзбен қарайтын, мейірімді, адамгершілігі мол, балаларды баурап алатындай маман болуы керек. Сонда ғана бала жүрегі мейірге толып, осы пәнді сүйіп, өмірге деген қызығушылығын танытып, айналасындағылармен жан жылуын бөлісе алады.

Міне осындай үйлесімділік болған жағдайда бізден үлгі алатын, жан - жағына мейіріммен қарайтын, арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік азаматты тәрбиелей аламыз. Баланы жан-жақты дамытуға, өзінің ішкі дүниесін тану арқылы өмірдің мәнін пайымдайтын, жалпы адамзаттық құндылықтарға ие бола алатын ұрпақты тәрбиелеуге ат салысқанымыз артық болмас.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс -тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы - балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ.

Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштасады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі.

Рухани- адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса ұстаздың, ата- аналардың да болашағы зор болмақ. Олай болса жеке тұлғаны қалыптастыруда олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу - адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жетуде сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай кедергілерден өте білуді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. Тұлға рухани-адамгершілік тәрбие арқылы өзінің ізгілік ұстанымдарын тәрбиелеп, ақыл-ой мен іс-әрекеттерін ізгілік мұраттарға бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастырады.

Жаңа ғасыр тәрбиесінің баты міндеті - жалпы адамзаттық құндылық арқылы ұлттық мәдениетті меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастық пен бейбітшілікті сақтау, ал негізгі мақсаты - адамның жан дүниесіне кішкентай кезінен адамгершілік, имандылық сияқты қасиеттерді санасына ұғындырып, өмір сүрудің әдіс-тәсілдерін рухани болмыс арқылы түсіндіре отырып тәрбиелеу. Оқушыларға мектепте берілетін білім мен тәрбие орнықты әрі өзіндік ерекшелігі анықталған баланың еркін дамуына жағдай жасалған өз сипаты, заңдылығы, нәтижесі бар үздіксіз үрдіс болуы қажет. Өмір салты, рухани мұра, адамгершіліктің ұстанымдар адам баласының тіршілік құндылығымен ұштасып жатса, жинаған білімдері ақыл-ой көмегімен жүзеге асырылса руханилыққа қол жетпек. Ал руханилықтың өлшемі –адамгершілік, мәні – өмір сүру, шегі – табиғи қажеттілік, яғни адамдық қалыпқа жету.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белігерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасты, көзқарасымен сипатталады. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуыныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады» - дейді. Демек шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Қорыта келгенде, халықтық педагогикадан бастау алып, осы дәлелденген нәтижелерге сүйенсек, тәрбие құралдары мен әдістері дұрыс таңдалып жүргізілсе, ізгілікті тәрбиенің негізі қаланбақ. Сондықтан тәрбиеленуші жас ұрпақ ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып, қоғамдағы кемшілікті білетін, бүгінгіні түсінетін, ертеңіне сенетін, адамгершілік асыл қасиеттерді жоғары бағалайтын иманды, алдына қойған мақсат жолында барлық күштерін жұмсайтын, рухани дүниесі бай болуы шарт.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Білімдідегі жаңалықтар» ақпаратты-әдістемелік журналы, №2 . 2006ж.
2. Мектептегі психология № 2. 2011ж.
3. Қазақстан мектебі. № 2. 2018ж.
4. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар №1. 2011ж.
5. Жоғары оқу орындарында өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі: Мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы «Бөбек» ҰҒПББСО, 2007. – 96 б.
6. Ә. Мұқашбеков, Р. Құдіретоллақызы «Адамның ғазиз жаны», 2009ж.





**Иргебаева Ақмарал Боранкызы,**  
Жамбыл облысы Талас ауданы Бостандық ауылдық  
округі әкімі аппаратының  
«Ақбөпе» бөбекжай бақшасы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

### **Өнегелі тәрбие – отбасынан басталады** (Баяндама)

Адамзат баласының ең негізгі мақсаты – дүниеге әкелген ұрпағының болашағына жауапкершілікпен қарау. Нәрестенің өмірге келген алғашқы күнінен бастап дұрыс тәрбие беріп, адамгершілікке, саналылыққа баулып өсірсеңіз, күндердің күнінде оның рақатын көріп, қуанышына бөленеріңіз сөзсіз. Баланың бойына жақсы қасиеттер ең әуелі өз отбасынан дариды. Отбасынан басталған өнегелі тәрбие балабақша, мектеп қабырғасында тәрбиеші мен ұстаздардың ұлағаты мен одан әрі жалғасады. Отбасында бала әуелі мәдениеттілікті үйренеді, содан соң өзіне тән ар-ұят, ақыл-ой, адамгершілік қасиеттерге баулынады. Сондықтан ата-ананың өзара сыйласымдылығы, өзін-өзі ұстауы бала тәрбиесі үшін ауадай қажет. Бала бойында 5-7 жасқа дейін мінезімен тәрбие негізі қаланады. Дәл осы кезеңде кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударып, бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламамен қамтамасыз ету қажет әрі балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек.

Еліміздің болашағын сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің кадрлары. Заман талабына сай білімді, мамандығының қыр-сырын терең игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірбиемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар өткізудің маңызы ерекше. Мұның өзі ұстаз-тәрбиешілердің жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шыңдауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңеюіне бірден-бір себеп болып табылады.

Балабақшада баланы бүлдіршін кезінен адамгершілікке, имандылық пен өзіне-өзі қызмет етуге, мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыруға, еңбекке, бауырмалдыққа баулуға, патриоттық сезімді қалыптастыруға, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбиесі мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық игіліктермен мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу, құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығару қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- тәрбиеленушілердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте – бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхаммет Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік өсиеттерін көреміз.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұштасуы тиіс. Халықтық әдет-ғұрып, салт-сананың байлығы, патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жағ-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды. Сондай-ақ, адам зиялылығының негізі ақыл – ой тәрбиесі деп есептелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін адамшылдық қасиеттің бірі – ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыста, әділдікте, адамгершілік пен иманлылықта болары сөзсіз.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын, білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз тұтқан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», « Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері бала тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын ғана жаттатып қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспау қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі деген, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек. Әйгілі жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Ел

болам десең - бесігінді түзет» деген сөзінде сан-алуан астар бар. Кемеңгеріміздің бұл жерде «бесігінді түзе» деген сөзді «ұрпағыңды түзе» деген баламасы ретінде қолданып отырғанын біреуіміз білсек, екіншіміз аңғара қоймаймыз. Ал сол ұрпақты түзу жолға салуға атсалысарлық алғышарттардың бірі - балабақша.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. «Баланы жастан» демекші, бүлдіршіндердің санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы-салт – дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Қазақ отбасының өнегелері жеке бастың мінез-құлқы мен рухани мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болды.

Сонымен, қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтары деп төмендегілерді айтуға болады:

1. Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.
2. Отанды, халқын, жерін, елін сүю. «Атаның ұлы емес, елінің ұлын» тәрбиелеу.
3. Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы».
4. Жеті атасын білуге тәрбиелеу. «Жеті атасын білмеген жетесіз».
5. Отбасы шежіресі және мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы кенже ұлдың ерекше рөлі). Ата-баба дәстүрін жалғастыру.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті оқу іс-әрекетінде әрбір кезінде-ақ бала бойына сіңіре бастайды.

Қазіргі кезде халықтық педагогика элементтерін балабақшаларда тіл дамыту, математика, Айналаны қоршаған орта, бейнелеу өнері, дене шынықтыру оқу іс-әрекеттерінде кеңінен қолданудың маңызы артып келеді. Мысалы: математика оқу іс-әрекетінде ақыл-ой қабілетін дамытатын ойындармен, ән-күй сабақтарында түрлі әуендермен, экология оқу іс-әрекетінде табиғи денелерді қолдануды және хайуанаттар дүниесін елестететін ойындармен танысады. Оқушыларды жоғары мәдениетті адам етіп тәрбиелеу сіздер мен- біздердің басты міндеттеріміз.

Әр мектепке дейінгі мекеменің өзінің тәрбие жүйесі бар. Өзінің бағыт бағдары бар. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың «халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек» дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз керек. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйрете қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре бұлуымыз керек. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу педагогтар мен ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші- білім мекемесінде болғандықтан, ата-аналармен бірлесіп жұмыстар өткізіп тұру қажет.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» демекші ата дәстүріміздің қалыптаса беруімізге отбасы тәрбиесінің ықпалы зор. Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен

ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту- баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Халқымыздың ұлттық құндылықтарын, асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі балалардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей ат салысайық!

Сондай-ақ балабақшада тәрбиемен бірге оқу-тәрбие жұмысы қатар жүргізіледі. бала тәрбиесінде тәрбие жұмысы аса маңызды... Тәрбие жұмысын тәрбиеші-педогог мамандармен бірге ата-ана да бірлесе отырып жүргізсе келешек ұрпақтың өнегелі де білімді ұрпақтың өнегелі де, білімді болары сөзсіз. Кішкентай бүлдіршіндерді өнер, білімге баулып, тәрбиелеуде балалар әдебиетіндегі ертегілер мен аңыз-әңгімелердің, өлең - тақпақтармен мақал-мәтелдердің , жаңылтпаштардың маңызы өте зор. Өйткені, тәрбиешінің немесе ата-ананың ертегіні әсерлеп айтып, балаға жеткізуі баланың сол ертегі бойынша түсінігі, қайталап айтып беруі оның тек сөздік қорын молайтып қана қоймай, ақыл-ойын жетілдіреді. Бала жақсы кейіпкерлерге еліктейді, жаманнан жиреніп, жақсыға еліктеп, еңбекқор, адал болуға үйренеді. Балалар өлеңдер, шығармалар арқылы жан-жануарларды, табиғатты адамға пайдалы екендігін түсінеді. Тәрбиешілер ертегі-әңгімелерді оқи отырып, балаларды достыққа, еңбекқорлыққа баулиды. Осындай жұмыстардың өзінен тәрбиенің алғашқы баспалдағын көруге болады.

Мектеп жасына дейінгі бала өмірінде ойын басты орын алатындықтан, психокорекциялық ойындар арқылы баланың ой-өрісінің түрлі даму деңгейін анықтап, арттыра аламыз. Баланың мәдениетті баланың үй ішінде , балабақшада, отбасында алған білім тәрбиесіне байланысты. Біздің басты міндетіміз баланы жанжақты тәрбиелей отырып, тілін дамыту. Сөздік қорларын байытумен қатар еске сақтау қабілеттерін арттыру. Баланың ана тілінде таза еркін сөйлеуін мектепке дейінгі кезеңдерде меңгеруге тиіспіз. Сонымен мектепке дейінгі кезең-баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы. Демек, дәл осы кезеңде жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруді жұмыла қолға алсақ, болашағымыздың да жарқын болатынына сенімдіміз.



**Мырзахат Элвирә Сейдомарқызы,**  
Жамбыл облысы Талас ауданы Бостандық ауылдық округі әкімі аппаратының  
«Ақбөпе» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі

### **Дидактикалық ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту**

#### *Зерттеудің болжамы*

Егер балалардың оқу қызметін ұйымдастырылуын, жас және дербестік ерекшеліктері ескерілі отырып, оларға жеке тұлға ретінде қарап оқыту мен тәрбиелеудің интерактивті әдістері пайдаланылса онда балалардың өзара және тәрбиешілермен оңтайлы арақатынастар, дұрыс ойлау мәдениеті арқылы, оқу қызметіндегі белсенділігі, танымдық шығармашылығы арта түседі.

#### *Зерттеудің объектісі*

*Ұйымдастырылған оқу қызметінің, ұйымдастырылуы.*

#### *Зерттеу пәні*

*Көрке әдебиет .Сөйлеуді дамыту. Жаратылыстану*

#### *Зерттеудің мақсаты*

Балалардың ойлау қабілетін қалыптастыру және дамыту жолдарын айқындау. Ойында баланың шығарма шылық қасиеттері, мүмкіндіктері, эмоционалдық бүршік атып білінеді. Бұл сана- сезім,ойлау процесімен тығыз байланысты болады.

#### *Зерттеу барысында орындалатын міндеттер.*

1. Балаларға іс-әрекет не үшін керек екендігін сезіну жағдайын жасау.
2. қызықты түрде білім беруді ұйымдастыру.
3. Баланың түсінігін үнемі орындауды талап ету.
4. Баланың ойлау процесінің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, дамыту жолдарын айқындау.

#### *Әдіс тәсілдері*



#### *Әдістердің қызметі*



*Теориялық іздену кезеңдері*

*Мақсаты:* Теориялық әдебиет термен танысу, талдау, картотек жасау.

Міндеті: 1. Баланың білім алу жолында өсуі:

2. Әр баланың физикалық және эмоцияналдық дағдыларының дамуын қолайлы жағдай жасау.

3. Жүргізілген жұмыстардың мониторингін жасау.

*Күтілетін нәтиже .*

Қоршаған ортамен көру, тану, заттарды ажырата білу, өзін ұстай білуге, құбылыстардың өзгеруіне баланың дамуына ықпал етеді.

*Қорытынды кезең*

*Мақсаты:* Зерттеу жұмысын қорытындылау

Міндеттері: Дамытушылық деңгейін артыра отырып, алған білімін жүйелі, орында пайдаланғанда толық білім қалыптасқан тереңдеген, ақыл ойы жүйеленген шығармашылық жұмыстарына биімі бар эносубекті шығару.

*Болжамдап отырған нәтиже*

Бүгінгі қоғам талаптарына сай, жас ерекшеліктеріне сай жан-дүниесі бай, өз ойын ашық айта алатын тілдің сауаттылығы жетілген белгілі қоғамның мүшесін қалыптастыру.

*Қорытынды кезең*

*Мақсаты:* Зерттеу жұмысым қорытындылау

*Міндеттері:* Дамытушылық деңгейін артыра отырып, алған білімін жүйелі, орында пайдаланғанда толық білім қалыптасқан тереңдеген, ақыл ойы жүйеленген шығармашылық жұмыстарына биімі бар эносубекті шығару.

*Болжамдап отырған нәтиже*

Бүгінгі қоғам талаптарына сай, жас ерекшеліктеріне сай жан-дүниесі бай, өз ойын ашық айта алатын тілдің сауаттылығы жетілген белгілі қоғамның мүшесін қалыптастыру.



«Білім айнасы» 2020 ж.

**Нарбекова Анар,**  
Жамбыл облысы Талас ауданы Бостандық ауылдық округі әкімі аппаратының  
«Ақбөпе» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі

### **Бала тәрбиесі - баршаға ортақ**

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетіліп, дамыған, парасатты азамат тәрбиелеп өсіру-отбасының, балабақшаның, өсіру-отбасының, балабақшаның барша қауымның міндеті. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жүйесін қайта құрудың басты шарты-балабашаға қолайлы жағдай жасау, тәрбие мәселесін жүйелі жүргізу мекемелердің материалдық техникалық базасын жақсартып кадрлардың біліктілігін арттыру. Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды саласы болып табылады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында "Мектепке дейінгі тәрбие үдіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық" делінген. Баланы тәрбиелеу, дамыту, білім беру мәселесінде отбасы мен балабақша ұжымының арасында өзара тығыз байланыс орнауы тиіс. Ұрпағымызды ұлттық тәрбиеге баулып, бойына адамгершілік, мәдениетті, инабаттылықты, өз ана-тіліне деген құрметті сіңіре тәрбиелеу балабақшаның міндеті. Ұжымда арнайы білімдері бар тәрбиешілер жұмыс жасайды. Мұнда балалар өз құрбы-құрдастарымен аралысып, ойын ойнайды. Ойын демекші, балабақшада балаға берілетін білім, оқу-тәрбие үрдісі ойын арқылы жүзеге асады. Балалар дене шынықтыру, бейнелеу, хореография, ән-күй, ағылшын, өтетін сабақтарға белсене қатысып білімдерін кеңейтеді, осы білім беру салаларына байланысты мектепке дейінгі мекемеде балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу іс-әрекетін мұғалім-тәрбиеші шығармашылық ізденіс арқылы жүзеге асады. Ұлттық тәрбие кәусарынан нәр алған біздің балабақшада еңбек ететін тәрбиешілер тәрбиеленушілердің бойына адамгершілік пен ізгілікті қалыптастырып, жүйелі жұмыс жүргізіп, ата-аналармен тығыз байланыс болу керек. Балабақшаның әрбір күнін қызықты да тартымды, мағыналы өткізуді жоспарлап ұжымның ынтымағын жарастырып, баланың жан-жақты білім, тәрбие алуына жағдай туғызып отырады. Олай болса, бүгінгі тәрбиеленуші еліміздің ертеңгі тұтқасы десек, егеменді еліміздің болашағы, бүгін жас ұрпақты тәрбиелеуде баршамыз тыңғылықты еңбек етуге тиіспіз. Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай білімді, жаңашыл, мәденнетті, жан-жақты жеке тұлға тәрбиелеу. Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу бізгі үлкен жауапкершілік жүктейді. Қай елдің болмасын іргетасы, жарқын болашағы - ұрпағы екені белгілі. Олай болса тілдің қадір қасиетін, туған жерінің салт дәстүрін, әдет-ғұрпын бала бойына жеткізе білу әрбір тәрбиешінің басты борышы. мектепке дейінгі балаларды жан-жақты қалыптастыратын алғашқы баспалдақ балабақша. Дүниедегі пәк те, нәзік те, батыл да батыр- ол бала.Өйткен, оның жаны таза, нанғыштығы да тез, ол "өмірдегі барлық құбылысты білсем, ол неге олай деп талпынады, алға ұмытылады." Балалардың бойында оқу қызметін меңгерту, олардың танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыты болып саналады. Баланы тәрбиелеп отырып, ой- өрісін, тілін, танымдық қабілетін арттыру үшін алдымен олардың ерекшеліктерін талдаудан бастадым.



**Нуржанова Алия Алмановна,**  
Жамбыл облысы Талас ауданы Бостандық ауылдық округі әкімі аппаратының  
«Ақбөпе» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі

### Саусақ моторикасын дамыту ойындары

*Мақсаты:*

Саусақ ойындары мен жаттығуларын сабақтарда және бос уақыттарда балалармен жұмыс жүргізу барысында озық пайдаланып тәрбиеленушілердің ойын, логикалық ойлау қабілеттерін, тіл белсенділіктерін арттыру.

*Міндеті:*

Саусақ ойындарының өлең жолдарын тыңдауға, мазмұнын түсіне біліп, бейнелі сөздерді есте сақтау дағдыларын жетілдіру.


*Саусақ жаттығуларының маңызы:*

Саусақ ойындары ұсақ моторикасын дамытып, баланың қолын келешекте қалам-қарандашты дұрыс пайдалануға яғни сурет салу, жазу дағдыларына әсер етеді.

“Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытып, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес”.

*В.С. Сухомлинский.*

Ұсақ моториканы дамыту арқылы сөйлеу тілін жетілдірудегі саусақ ойын-жаттығуларының маңызы





**Танымдық  
деңгейі  
артады**

**Баланың сөйлеу  
тілі жетіледі**

**Саусақ  
ойындарының  
нәтижесі**

**Қимыл-  
қозғалысы  
артады**

**Икемділік  
артады**

**Логикалық  
ойлауы  
дамиды**

***Саусақ ойын жаттығулары түрлері:***

Саусақтардың көмегімен “Балықтар”, “Қолғап”, “Торайлар”, “Құрттар” “Қозылар” “Маймыл”, “Тук-тук”, “Аралар”, “Өрмекші” өлең -тақпақ шумақтарын , әндетіп орындау арқылы қолдың негізгі қызметін жаттықтыру. Саусақ ойын жаттығулары мен тапсырмалары арқылы , баланың білім-білік дағдыларын күнделікті іс-әректте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылды.

**Бейсембай Нүргүл Арысбекқызы**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
№74 «Дәурен» балабақшасы» МКҚК

### Сүйікті ойыншығым

**Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімдігін және заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектері ғана емес, олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге жаттықтыруға, өз тандауымен сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға тапсырма беру.

**Қолданылған көрнекі құралдар:** Бірнеше жұмсақ және резинкадан, т.б жасалған ойыншықтар. Ойыншықтардың суреттері. Экраннан көрсету.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** Сурет дәптері, бояулар, су, сүлгі, қылқалам, ермексаз, түрлі-түсті қағаздан қиылған қағаздар, желім, ұнтаспа.

Сөздік жұмысы: Ойыншық-игрушка, сүйікті ойыншығым-любимые игрушки, қуршақ-кукла, машина-машина, доп-мяч.

Мотивациялық қозғаушылық: Педагог М Әлімбаевтың « Ойыншықтар» әнін тыңдатады.

Біздерде бар қуыршақ,  
Бұзау қозы құлыншақ  
Ойыншықтар тыңдайды,  
Әмір беріп бұйырсақ.  
Қуыршақтар ұйықтайды,  
Айтқаныңнан шықпайды.  
Ал, қозы мен құлыншақ,  
Ұйықта десең ұқпайды.  
Тыңдамайды ұрысса,  
Осылары дұрыс па?  
Тентектігін тыймаса,  
Тұрғызамын бұрышқа  
Балалар өлең не туралы?  
Қандай ойыншықтар туралы айтылды?  
Қане, бәріміз бір, екі жолын айтып көрейікші (Балалар өлеңді

мұқият тыңдайды )

**Ұйымдастырушылық- ізденістік:** Тосын сәт: «Сықылы қорапша» (Балалар қорапқа таңдана қарайды)

Қорапта не бар екен қарайық.

Қорапты ашып ішінен заттарды шығарады.

Педагог ойыншықтар туралы сұрақтар қояды. Ойыншықтарды не істейміз?

Ойыншық тек ойнау үшін керек пе?

Қандай ойыншықтарды білесіңдер?

Ойыншықтардың суретін көрсету арқылы түсіндіру.

Ойыншықбаланы жан-жақты тәрбиелеу мақсатында пайдаланады. Баланың дүнитанымын кеңейтуге көмектеседі. Ойыншықтаржасалуына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Жұмсақ, қатты, резиналы, пластмассадан, ағаштан, матадан т.б Экранға назар аудару

Пайдалы ойыншықтар туралы түсінік беру. Сұрақ-жауап.

Сергіту сәті: «Аяқпенен топ-топ-топ» Балалар сергіту сәтін музыка әуеніне қосылып бойларын сергітіп орындайды.

Аяқпенен топ-топ-топ,  
Алдыменен қоп-қоп-қоп.  
Бір оңға, бір солға,  
Айналайын кел мұнда.  
Қолымызды бір сілтеп,  
Басымызды шайқайық.  
Бір оңға, бір солға,  
Ойнайықшы кел мұнда.  
Секіреміз жоғары,  
Қиын емес секіру.  
Бір оңға, бір солға,  
Секірейік кел мұнда.

Олай болса, бүгін біз өзіміздің қалауымызша ең жасы көретін, сүйікті ойыншығымыздың суретін салайық және де мүсіндейік, жапсырайық. Алдымен үш топқа бөлініп отырайық. 1-топ қылқаламмен сурет салады (қылқалам шеберлері)

2-топ жапсырады. (жапсыру шеберлері)

3-топ мүсіндейді (мүсіндеу шеберлері)

Педагог оңай салынатын ойыншықтардың үлгісін көрсетіп талдау жасайды. Ең маңыздысы, қағаз бетіне дұрыс пайдалана білулеріне, сондай ақ үлкен заттарды қағаз бетіне композиция жасап, орналастыра білуіне аса назар аударады.

Ашық түсті көңілді бояулар таңдату арқылы балалардың көңіл-күйін көтеруді көздеп жұмыс істейді. Балаларға өздері салған немесе жасаған суреттері туралы өз ойларын айтқызады.

Тақпақтар айтқызу. Балалар өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы айтып береді.

1. Ойыншықтарым көп менің  
Бәрін жақсы көремін  
Кешке дейін жалықпай  
Бірге ойнап жүремін.

2. Ойыншығым қуыршақ  
Не берсемде жемейді.  
Еркелігі соншама  
Көтермесем жүрмейді.

3. Добым, добым домалақ  
Тоқтамайсың домалап  
Үстел үстін бүлдірдің  
Төрелкені сындырдың  
Тентек болып кеттің деп  
Тұрмын сені тепкім кеп.

**Рефлексиялық түзетушілік:** Ойын «Ойыншықты тап» Дидактикалық ойын

**Ойын мақсаты:** Жасырылған ойыншықты табу, атын атау, түсін, неден жасалғанын айту. Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мақтау, шеберлерге жұлдызша тарату. Апайлармен қоштасу.




Доланова Гүлзинат Лесбекқызы

Нұр - Сұлтан қаласы

Б.Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия  
Педагог-зерттеуші бастауыш сынып мұғалімі

**Жіктеу есімдігі**

<b>Сабақ</b> қазақ тілі	<b>Мектеп:</b> №50 орта мектеп	
<b>Сынып</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>	
<b>Зерттеу тақырыбы</b>	Қызықты тапсырмалар беру арқылы топта жұмыс жасауға бола ма?	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Жіктеу есімдігі	
<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	Жіктеу есімдіктерін табады, түрлеріне қарай ажыратады, септейді. Жіктеу есімдіктерін қатыстырып сөйлем құрайды.	
<b>Критерий</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қызықты тапсырмаларды орындау барысында жіктеу есімдіктерін табады.</li> <li>2. Қызықты тапсырмаларды орындау барысында жіктеу есімдіктерін түрлеріне қарай ажыратады, септейді, сөйлем құрайды.</li> <li>3. Қызықты тапсырмаларды орындау барысында топта жұмыс жасауға үйренеді.</li> </ol>	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<p><b>Барлық оқушылар</b> Қызықты тапсырмалар ішіндегі барлық жіктеу есімдіктерін табады.</p> <p><b>Көпшілгі</b> Қызықты тапсырмалар ішіндегі кейбір жіктеу есімдіктерін түрлеріне қарай ажыратады, сөйлем құрайды.</p> <p><b>Кейбір оқушылар</b> Жіктеу есімдіктерін септейді.</p>	
<b>Әдісі</b>	АКТ, диалогтік оқыту, жас ерекшелігіне сай оқыту, оқытуды басқару және көшбасшылық, оқыту үшін бағалау және оқу үшін бағалау, сын тұрғысынан ойлау, дарынды және талантты балаларды оқыту.	
<b>Ресурстар</b>	плакат, А3 форматты қағаздар, кеспе қағаздар, стикер, маркер	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт есебі</b>	<b>Мұғалім іс – әрекеті</b>	<b>Оқушы іс - әрекеті</b>
<b>Ұйымдастыру кезеңі</b>	<p><b>Психологиялық дайындық:</b> «Алақан жылуы» әдісі бойынша бір – біріне алақандарын тигізіп, жылы лебіздерін айтады. Топтарға бағалау парағын таратып беру. Дескрипторлар арқылы бағалайды.</p>	Бір – біріне тілек айтады. Өз қалаулары бойынша 4 топқа бөлінеді. Топбасшылар бағалап отырады.
<b>Үй тапсырмасын сұрау</b>	<p><b>69-жаттығу. «Ыстық орындық» әдісі</b></p>    <p><b>Дескриптор</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сурет бойынша сипаттау мәтінін жазады.</li> <li>2. Мәтіннің мазмұндылығын анықтайды.</li> </ol>	Әр топтан оқушылар шығып, орындыққа отырып, берілген суреттер бойынша жазған сипаттау мәтінін оқиды. «Бағдаршам» әдісі бойынша бағалайды.

<p><b>Үй тапсырмасын бекіту</b></p>	<p><b>«Өз алақаныңды тап» ойыны</b> 4 топқа алақанға жазылған сын есімнің түрлерін таратып беремін. <b>Негізгі Туынды Тіркес сөзді</b> <b>сын есім сын есім сын есім</b> <b>Қос сөзді сын есім</b> <b>Дескриптор</b> 1. Сын есімнің түрлеріне қарай мысалдар жазады. 2. Сын есімді құрамына қарай ажыратады.</p>	<p>Алақанға жазылған сын есімнің түрлеріне қарай мысалдар жазып, өз алақанына орналастырады. Бірін –бірі смайликтер арқылы бағалайды.</p>																																																																																										
<p><b>Жаңа сабаққа дайындық</b></p>	<p>Есімдік туралы білімдерін еске түсіру. <b>«Шашу» ойыны</b> Оқушыларға кәмпиттерге жазылған тапсырмаларды шашу. - Есімдік деген не? - Есімдіктердің түрлерін атаңдар? - Жіктеу есімдіктерін ата. - Сілтеу есімдіктерін ата. - Сұрау есімдіктерін ата. - Өздік есімдіктерін ата. - Жалпылау есімдіктерін ата. - Болымсыздық есімдіктерін ата. - Белгісіздік есімдіктерін ата.  <b>Дескриптор:</b> 1. Кәмпиттерді алады. 2. Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Оқушылар кәмпиттерді алып, оған жазылған сұрақтарға жауап береді, егер сұраққа жауап бере алмаса, жауап берген оқушыға кәмпитін береді. - Зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жұмсалатын сөздерді есімдік дейміз. - Мен, сен, сіз, ол, сендер, т.б. Есімдіктер <b>мағынасына</b> қарай <b>жеті</b> топқа бөлінеді: <b>жіктеу</b> есімдігі, <b>сілтеу</b> есімдігі, <b>сұрау</b> есімдігі, <b>өздік</b> есімдігі, <b>жалпылау</b> есімдігі, <b>болымсыздық</b> есімдігі, <b>белгісіздік</b> есімдігі. Смайликтер арқылы бірін-бірі бағалайды.</p>																																																																																										
<p><b>Жаңа сабақ</b></p>	<p>Дәптермен жұмыс Күн ретін жазу Тақырыпты жазу Жж жаз жаңа <b>1- жаттығу. «Мюнстенберг» әдісі</b> <b>1-топ</b></p> <table border="1" data-bbox="459 1630 1024 1823"> <tr><td>ң</td><td>е</td><td>ш</td><td>қ</td><td>а</td><td>ш</td><td>а</td><td>н</td><td>д</td><td>б</td></tr> <tr><td>ө</td><td>о</td><td>ғ</td><td>р</td><td>б</td><td>ұ</td><td>л</td><td>я</td><td>п</td><td>ә</td></tr> <tr><td>з</td><td>л</td><td>в</td><td>т</td><td>ф</td><td>х</td><td>ц</td><td>ч</td><td>о</td><td>р</td></tr> <tr><td>і</td><td>е</td><td>д</td><td>р</td><td>ң</td><td>і</td><td>э</td><td>ю</td><td>ж</td><td>і</td></tr> <tr><td>м</td><td>н</td><td>м</td><td>ұ</td><td>н</td><td>ы</td><td>м</td><td>е</td><td>н</td><td>й</td></tr> </table> <p><b>2-топ</b></p> <table border="1" data-bbox="459 1890 1002 2038"> <tr><td>е</td><td>ш</td><td>қ</td><td>а</td><td>н</td><td>д</td><td>а</td><td>й</td><td>т</td><td>о</td></tr> <tr><td>д</td><td>ж</td><td>ш</td><td>г</td><td>п</td><td>в</td><td>к</td><td>у</td><td>а</td><td>с</td></tr> <tr><td>ц</td><td>а</td><td>н</td><td>ә</td><td>ғ</td><td>і</td><td>ң</td><td>г</td><td>н</td><td>ы</td></tr> <tr><td>м</td><td>е</td><td>н</td><td>р</td><td>я</td><td>м</td><td>д</td><td>т</td><td>а</td><td>щ</td></tr> </table>	ң	е	ш	қ	а	ш	а	н	д	б	ө	о	ғ	р	б	ұ	л	я	п	ә	з	л	в	т	ф	х	ц	ч	о	р	і	е	д	р	ң	і	э	ю	ж	і	м	н	м	ұ	н	ы	м	е	н	й	е	ш	қ	а	н	д	а	й	т	о	д	ж	ш	г	п	в	к	у	а	с	ц	а	н	ә	ғ	і	ң	г	н	ы	м	е	н	р	я	м	д	т	а	щ	<p>Дәптерлеріне күн ретін және көркем жазуды жазады.  <b>Топпен жұмыс</b> Әр топ оқушылары әріптер жазылған кестелерден есімдіктерді тауып, оларды түрлеріне қарай ажыратады, жіктеу есімдіктерін қатыстырып сөйлем құрайды. Мысалы: ешқашан (б/з), бәрі (ж/у), ол (ж/е), өзім (ө/к), бұл, мұнымен (с/у).</p>
ң	е	ш	қ	а	ш	а	н	д	б																																																																																			
ө	о	ғ	р	б	ұ	л	я	п	ә																																																																																			
з	л	в	т	ф	х	ц	ч	о	р																																																																																			
і	е	д	р	ң	і	э	ю	ж	і																																																																																			
м	н	м	ұ	н	ы	м	е	н	й																																																																																			
е	ш	қ	а	н	д	а	й	т	о																																																																																			
д	ж	ш	г	п	в	к	у	а	с																																																																																			
ц	а	н	ә	ғ	і	ң	г	н	ы																																																																																			
м	е	н	р	я	м	д	т	а	щ																																																																																			

	<table border="1" data-bbox="459 168 1005 208"> <tr> <td>б</td><td>ү</td><td>к</td><td>і</td><td>л</td><td>т</td><td>в</td><td>ы</td><td>у</td><td>х</td> </tr> </table> <p><b>3-топ</b></p> <table border="1" data-bbox="459 273 1013 465"> <tr><td>ң</td><td>р</td><td>ш</td><td>қ</td><td>т</td><td>ш</td><td>а</td><td>н</td><td>д</td><td>э</td></tr> <tr><td>ә</td><td>л</td><td>д</td><td>е</td><td>б</td><td>і</td><td>р</td><td>ч</td><td>п</td><td>м</td></tr> <tr><td>з</td><td>в</td><td>б</td><td>ү</td><td>т</td><td>і</td><td>н</td><td>щ</td><td>о</td><td>і</td></tr> <tr><td>і</td><td>е</td><td>с</td><td>е</td><td>н</td><td>н</td><td>э</td><td>ю</td><td>ж</td><td>н</td></tr> <tr><td>м</td><td>н</td><td>м</td><td>ұ</td><td>н</td><td>ы</td><td>м</td><td>е</td><td>н</td><td>е</td></tr> </table> <p><b>4-топ</b></p> <table border="1" data-bbox="459 517 1000 710"> <tr><td>ң</td><td>б</td><td>л</td><td>п</td><td>с</td><td>і</td><td>з</td><td>м</td><td>б</td><td>б</td></tr> <tr><td>ө</td><td>а</td><td>д</td><td>э</td><td>м</td><td>е</td><td>н</td><td>я</td><td>і</td><td>д</td></tr> <tr><td>з</td><td>р</td><td>а</td><td>н</td><td>а</td><td>н</td><td>ц</td><td>ч</td><td>р</td><td>р</td></tr> <tr><td>е</td><td>ш</td><td>т</td><td>е</td><td>ң</td><td>е</td><td>а</td><td>у</td><td>е</td><td>і</td></tr> <tr><td>к</td><td>а</td><td>с</td><td>ұ</td><td>р</td><td>ы</td><td>м</td><td>е</td><td>у</td><td>й</td></tr> </table> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Кестедегі есімдіктерді табады.</li> <li>Түрлеріне қарай ажыратады.</li> <li>Жіктеу есімдігін қатыстырып сөйлем құрайды.</li> </ol> <p><b>2- жаттығу. «Септеу эстафетасы» ойыны</b></p> <p>Берілген жіктеу есімдіктерін септейді. Ол, мен, біз, сен.</p> <p>Атау септік (кім? кімдер?) Ол, мен, біз, сен Ілік септік (кімнің?) оның, менің, біздің, сенің Барыс септік (кімге?) Оған, маған, бізге, саған Табыс септік (кімді?) оны, мені, бізді, сені Жатыс септік (кімде?) ода, менде, бізді, сенде Шығыс септік (кімнен?) одан, менен, бізден, сенен Көмектес септік (кіммен?) онымен, менімен, бізбен, сенімен</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Есімдіктерді септейді.</li> <li>Барыс, жатыс, көмектес септіктеріндегі есімдіктердің өзгеру себебін түсіндіреді.</li> </ol>	б	ү	к	і	л	т	в	ы	у	х	ң	р	ш	қ	т	ш	а	н	д	э	ә	л	д	е	б	і	р	ч	п	м	з	в	б	ү	т	і	н	щ	о	і	і	е	с	е	н	н	э	ю	ж	н	м	н	м	ұ	н	ы	м	е	н	е	ң	б	л	п	с	і	з	м	б	б	ө	а	д	э	м	е	н	я	і	д	з	р	а	н	а	н	ц	ч	р	р	е	ш	т	е	ң	е	а	у	е	і	к	а	с	ұ	р	ы	м	е	у	й	<p><b>Топтық жұмыс</b></p> <p>Берілген жіктеу есімдіктерін жарыса кезектесіп тақтаға септеп жазады, барыс, жатыс, көмектес септіктеріндегі жіктеу есімдіктерінің өзгеру себебін түсіндіреді, бірін –бірі бағалайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жатыс септікте түбірдегі л дыбысы <b>н</b>-ға айналады.</li> <li>Барыс септік жуанданып, <b>л, н</b>, түсіп қалған түбірге жалғау <b>-ған</b> түрінде жалғанады.</li> <li>Көмектес септікте түбір мен қосымшаның арасында <b>-ы, -і</b> дәнекері пайда болады.</li> </ul>
б	ү	к	і	л	т	в	ы	у	х																																																																																																							
ң	р	ш	қ	т	ш	а	н	д	э																																																																																																							
ә	л	д	е	б	і	р	ч	п	м																																																																																																							
з	в	б	ү	т	і	н	щ	о	і																																																																																																							
і	е	с	е	н	н	э	ю	ж	н																																																																																																							
м	н	м	ұ	н	ы	м	е	н	е																																																																																																							
ң	б	л	п	с	і	з	м	б	б																																																																																																							
ө	а	д	э	м	е	н	я	і	д																																																																																																							
з	р	а	н	а	н	ц	ч	р	р																																																																																																							
е	ш	т	е	ң	е	а	у	е	і																																																																																																							
к	а	с	ұ	р	ы	м	е	у	й																																																																																																							
<p><b>Сабақты бекіту</b></p>	<p><b>«Білімді байқап көр» Мәтінмен жұмыс</b></p> <p>Әр топқа мәтіндер беріледі. Ондағы тапсырмаларды орындайды.</p> <p><b>1-топ</b></p> <p>Нұрлан <b>мен</b> Саржан қармақ салуға бармақшы болды.</p> <p>- Сен жемге не аласың? - деді Саржан.</p>	<p><b>Топпен жұмыс</b></p> <p>1-топ оқушылары берілген мәтінге ат қойып, мәтіннен жіктеу есімдігін табады</p>																																																																																																														

	<p>- Мен шегіртке алдым,- деді Нұрлан.          - Ал мен қамыр алдым. Күн желдеу екен. Олар жел болған күні су түбіне кетіп, қармаққа ілінбеуші еді,- деді Саржан. Жел басылды. Біз кешке дейін балық ауладық.</p> <p>Дескриптор:          1. Мәтінге ат қояды.          2. Мәтіннен жіктеу есімдігін табады.          3. Қарамен жазылған сөздерді салыстырады және жіктеу есімдігін анықтайды.</p> <p>2-топ          Қобыздың сырт пішінінің өзі адамның дене бітіміне ұқсас. (Ол) (ненің?) мойны, басы <b>мен</b> құлағы, тостағанша дөңгеленіп келген табағы, <b>сіңірмен</b> қапталған шанағы бар. (Ол) (неге?) жылқы қылы тағылады. Осыған орай қылқобыз аталып кеткен.</p> <p>Дескриптор:          1. Мәтінге ат қояды.          2. Жақшадағы жіктеу есімдіктерін өзінен кейінгі сұрақтардың ыңғайына қарай өзгертеді.          3. Қарамен жазылған сөздердегі <i>мен</i> қай сөзде шылау, қай сөзде жалғау екенін анықтайды.</p> <p>3-топ</p> <p style="text-align: center;">Жұмбақ</p> <p><u>Маған</u> да, <u>саған</u> да,          Жақын туыс – бес адам.          Үш әріптен тұратын,          Оңға оқы, солға оқы,          Өзгермейді <u>ещ</u> <u>одан</u>.  <u>Бәрі</u> де <u>өз</u> жұртың,          Айтады, кәне, кім атын? (ана, апа, ата, іні, аға)</p> <p>Дескриптор:          1. Жұмбақтың шешуін табады.          2. Жұмбақтан есімдіктерді түрлеріне қарай ажыратады..          3. Маған, саған, одан жіктеу есімдіктерінің қай септікте тұрғанын анықтайды.</p> <p>4-топ</p> <p style="text-align: center;">Түйе үстіндегі кітапхана          Персиялық ғалым Уазыр Сахиб кітапты</p>	<p>және қарамен жазылған сөздерді салыстырады, жіктеу есімдігін анықтайды.</p> <p>2-топ оқушылары мәтінге ат қойып, жақшадағы жіктеу есімдіктерін өзінен кейінгі сұрақтардың ыңғайына қарай өзгертеді және қарамен жазылған сөздердегі <i>мен</i> қай сөзде шылау, қай сөзде жалғау екенін анықтайды.</p> <p>3-топ оқушылары жұмбақтың шешуін, жұмбақтан есімдіктерді түрлеріне қарай ажыратады, маған, саған, одан жіктеу есімдіктерінің қай септікте тұрғанын анықтайды.</p> <p>4-топ оқушылары қайталанып тұрған сөздерді есімдіктермен алмастырады, есімдік туралы қорытынды шығарады.</p>
--	--	--

	<p>ерекше сүйген адам екен. Уазыр Сахибтың сан мыңнан аса қоры бар үлкен кітапханасы болыпты. Уазыр Сахиб әрі мемлекет қайраткері, әрі әскери адам болған. Өмірінің тең жартысын ат үстінде, жорық жолында өткізген. Уазыр Сахиб жорыққа аттанғанда өзімен бірге осы кітапханасын алып шығады екен. Кітапты артуға 400-дей түйе бөлінген. Түйелер барлық жорық жолында алфавит бойынша тізіліп жүрген. Ал кітапханашылар Уазыр Сахибқа кез – келген уақытта керекті кітабын тез тауып апарады екен.</p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қайталанып тұрған сөздерді есімдіктермен алмастырады.</li> <li>2. Есімдік туралы қорытынды шығарады.</li> </ol>	
<b>Кері байланыс</b>	«Тілек ағашы»	Стикерге бүгінгі сабақтан түсінген, түсінбегендерін жазып «Тілек ағашына» жабыстырады.
<b>Бағалау</b>	Дескрипторлар арқылы бағалау	Дескрипторлар арқылы өздерін бағалап отырады.
<b>Үйге тапсырма</b>	75- жаттығу. 227-бет.	Ертегіні әрі қарай жалғастырып жазады.



Жетекші: ф.ғ.к., аға оқытушы, **Жетпісбаева М.С.**  
**Жүнісбекова Балауса Дүйсенқызы**  
әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық Университетінің  
«Халықаралық журналистика»  
мамандығының ІІ курс магистранты

## **ТӨТЕНШЕ ОҚИҒАЛАРДЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ**

### **Аңдатпа**

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарында төтенше оқиғалардың теледидарда көрсетілу ерекшелігі қарастырылды. Байланыс модельдері талданды. Хабар таратудың технократтық және әлеуметтік-мәдени тәсілдері түсіндіріліп, мысал келтірілді. Журналистер төтенше оқиғаны хабарлау кезінде технократтық тәсілді жиі қолданады. Ал бұл бұқаралық аудиторияда белгісіздік пен алаңдаушылықтың өсуіне ықпал ететіндігі туралы айтылған. Журналистер қауымдастығының көрермендер алдындағы әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан, төтенше оқиғаларды жариялау кезінде журналистің қызметін реттеуге бағытталған көптеген әрекеттері қарастырылған. Алайда, іс жүзінде, рейтингке ұмтылатын телевизия эфирге расталмаған, селт еткізер және тіпті қауіпті ақпаратты шығара отырып, бұл нормаларды әрдайым сақтай бермейді. Ал, әлеуметтік-мәдени тәсілмен хабар тарату керісінше, жақсы эмоция қалыптастырып, алаңдаушылықты азайтатыны туралы мысалдар келтірілді.

**Түйін сөздер:** журналистика, ТВ, төтенше оқиға, қауіп-қатер байланысы, технократтық, әлеуметтік-мәдени тәсіл

\*\*\*

## **ОТРАЖЕНИЕ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЙ В СРЕДСТВАХ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИЙ**

### **Аннотация**

В статье рассматривается специфика отражения в СМИ чрезвычайных ситуаций. Анализируются модели коммуникации. Также рассматривается технократический и социокультурологический подход при освещении чрезвычайных ситуаций. Журналисты часто используют технократический подход при освещении чрезвычайных ситуаций. Это способствует росту неопределенности и тревожности в массовой аудитории. Изучаются многочисленные попытки журналистского сообщества регламентировать деятельность журналиста при освещении чрезвычайных ситуаций в части социальной ответственности перед телезрителями. Однако на практике телевидение в погоне за рейтингом далеко не всегда соблюдает эти нормы, выпуская в эфир непроверенную, шокирующую и даже опасную информацию. Были приведены примеры того, что при социокультурном подходе вещание наоборот создает хорошие эмоции и снижает тревожность среди населения.

**Ключевые слова:** журналистика, ТВ, чрезвычайная ситуация, коммуникация риска, технократический, социокультурологический подход

\*\*\*

## **COVERAGE OF EMERGENCIES IN THE MASS MEDIA**

### **Abstract**

The article deals with the specifics of emergency situations reflected in the media. Communication models are analyzed. Journalists often use a technocratic approach. This contributes to the growth of uncertainty and anxiety in the mass audience. Article also deals with the numerous attempts to regulate journalism in emergency incident media coverage. These regulations regarding to social

responsibility of media come within the journalistic community. However, practically media do not always comply with these regulations, airing unverified, shocking and even dangerous information in pursuit of television ratings. Were given examples that, with a sociocultural approach, broadcasting, on the contrary, creates good emotions and reduces anxiety among the population.

**Keywords:** journalism, TV, emergency, risk communication, technocratic, sociocultural approach

Техногендік төтенше жағдайлар (ТЖ) қазіргі өркениетке төнген қауіптің бірі болып қала береді. Қауіпті өндірістердегі апаттар, көлік апаттары, табиғи апаттар күніге дерлік орын алады, мұның барлығы бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табады, бұқаралық аудиторияның меншігіне айналады. Осылайша, адамға қауіп төндіретін шындық туралы хабардар етуге бағытталған ұжымдық идея қалыптасады.

Технология мен технологияның белсенді дамуымен туындаған дағдарыс XIX - XX ғасырдың басында Батыс Еуропа елдерінде ғылыми зерттеулердің объектісіне айналды. Мәдени аспектіде Э. Гуссерль, Р. Гвардини, г. Симмель, х. Ортега-и-Гассет, О. Шпенглер, К. Ясперс және т. б. өз еңбектерінде дағдарыс тақырыбына жүгінді. Техникалық прогрестің әлеуметтік салдары туралы орыс діни философиясының өкілдері С. Н.Булгаков, Н. А.Бердяев, Б. П. Вышеславцев, Вл. Соловьев және т.б. Қазіргі уақытта да дағдарыстық дүниетаным мәселесі ғалымдардың, философтардың еңбектерінде, өнерде, әдебиетте әр түрлі көрініс табады. Журналистика әлеуметтік институт ретінде жаңа өзекті тақырыптарды, құбылыстарды, әлеуметтік фактілер мен проблемаларды ашуға және зерттеуге бағытталған, сондықтан техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қауіп-қатерлер тақырыбын белсенді зерттейді. Айта кету керек, журналистика – бұл әлеуметтік маңызды пікірлер мен бағалауды білдіру әдісі ғана емес, сонымен бірге "жеке тұлға мен қоғамның әлеуметтік маңызды ақпараттық қажеттіліктерін жүзеге асыру тәсілі, ал БАҚ– іске асырылатын әлеуметтің тасымалдаушысы" [5]. Дәл осы журналистика қоғамда техногендік апаттардың барлық тәуекелдері мен салдарын анықтайды және өзекті етеді. Сонымен бірге журналистиканың қазіргі жағдайын зерттеушілер техногендік төтенше жағдайларға арналған медиа-мазмұн аудиторияның психологиялық денсаулығына қауіп төндіреді деген қорытындыға келеді [2, 5]. «Технологиялық апаттар әлеуметтік организмге, әлеуметтік мінез-құлық пен тұлғаға ерекше зиянды әсер етеді» [3, 9 б.], бұл бұқаралық санаға өте жағымсыз әсер етеді, оның шындыққа пассивті қатынасын тудырады және манипуляцияға мүмкіндіктерін ашады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі әлемде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі үлкен маңызға ие болуына байланысты және қоғамдағы алаңдаушылық деңгейі мен халықтың шындықты барабар бағалау мүмкіндігі журналистердің төтенше жағдайлар туралы ақпаратты қалай жеткізетіндігіне байланысты. Зерттеушілер А. Плаф пен С. Кримски қауіп-қатерді байланыстырудың екі тәсілін анықтайды [1, 108 б.]. Біріншісі - технократтық - рационалды түсіндірілген техникалық ақпараттың басымдығына негізделген. Екіншісі - ақпаратты қоғамдық қабылдау ерекшеліктерін ескеруге бағытталған әлеуметтік-мәдени тәсіл. Бұл тәсіл, әдетте, технократтық мамандардың бағаларын елемейді және оқиғаға деген көзқарасты социологиялық және мәдени тұрғыдан қалыптастыруға бағытталған. Сонымен, бұқаралық аудиторияға әсер етуге қабілетті журналистік материалдарды дайындау тәсілдерінің айырмашылығы туралы айтуға болады. Технократтық модель техногендік мәдениет дәстүрінде дамып келе жатқан журналистикаға тән, оның басты ерекшелігі мен сипаттамасы - техникалық рационалдылықтың автономиясы, оның «трансценденталды» мәні, өзін-өзі дамыту қабілеті және технологияның қоғамға әсерінің анықтаушы сипаты туралы идеяларымен технологиялық детерминизмді ұстану [4, 342 б.]. Мұндай модельдегі техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар объективті және белгілі факт ретінде қарастырылады. Әдетте, журналистік материалдар ықтимал физикалық және материалдық зиянды анықтауға бағытталған. Төтенше жағдайлардан келген шығынды бағалау кезінде сандық көрсеткіштер алдыңғы орынға шығады: зардап шеккендер туралы мәліметтер, шығын мөлшері және т.б. Журналистік материалдарда сарапшылардың, технократ-шенеуніктердің, техникалық мамандардың түсініктемелері негізгі болып табылады, олардың сөз сөйлеуінің негізгі мәні

апат фактісін анықтауға, техника мен жабдықтар жұмысындағы бұзылушылықтардың ықтимал себептерін анықтауға, ТЖ салдарын жою мерзімдеріне және т. б. байланысты болады. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қамтудың бұл моделі қазіргі заманғы заманауи бұқаралық ақпарат құралдарына тән, өйткені, бір жағынан, төтенше жағдайлар туралы хабарламалардың негізгі сапасы ақпараттың жеделдігі болып қалады, бұл бағалаудың объективтілігіне, журналистік материалдың сенімділігі мен дәлдігіне әсер етуі мүмкін. Екінші жағынан, көрермен үшін бәсекелестікте журналистердің хабарламаның өзіне сенсация, эксклюзивтілік белгілерін беруге деген ұмтылысы көрінеді, ол, әдетте, селт еткізер егжей-тегжейлерге негізделген, көбінесе мұндай жағдай үшін жаппай аудиторияның эмоциясы мен сезімдері туралы алыпсатарлық негізсіз болып келеді. Бұл тәсіл, сарапшылардың пікірінше, айқын визуалды тартымдылыққа қарамастан, бұқаралық көрерменнің әлеуметтік кеңістікте мазасыздық, алаңдаушылық, депрессия сезімдерін тудыруы мүмкін.

XX ғасырдың екінші жартысындағы техногендік ТЖ тәуекелдерін зерттеудің технократтық тәсіліне қарама-қайшы, төтенше оқиғаларды жариялауға әлеуметтік - мәдени көзқарас қалыптаса бастады. Әлеуметтік тәсіл төтенше жағдайларды жою кезінде билік органдарының іс – әрекеттеріне сенім дәрежесін ескеруге мүмкіндік береді, ал мәдени - ұтымды теңдестірілген шешімдер қабылдау үшін бұқаралық аудиторияның жағдайды ықтимал бағалауының ауқымын ескеруге мүмкіндік береді. Бұл бағытты У. Бек, Э.Гидденс, М. Дуглас, Н. Луман өз еңбектерінде зерттеп, қазіргі техногендік өркениеттің тәуекелдерін талдады. Бұл зерттеулер тәуекелдерді зерттеудің әлеуметтік-мәдени тұжырымдамасының негізін қалады. Мұндай тәсілде техногендік ТЖ пайда болу проблемасының өзін қабылдау, ықтимал апаттарға қатынасы, ТЖ салдарын ұжымдық еңсеру қабілеті мәселелеріне баса назар аударылады. Осындай тәсілмен техногендік ТЖ-ны жариялауда журналистердің бірінші кезекте адамның ТЖ салдарын қалай бастан өткеріп, қалай жеңетініне, қауіптердің қоғамда өзін қалай көрсететініне деген қызығушылығы заңды. Апаттың техникалық және технологиялық себептері мен егжей-тегжейлері емес, мәселенің этикалық жағы бағаланады. Журналистік материалдың басты назарында техногендік ТЖ-ның дербестендірілген мәселесі, оны еңсеру тарихы жатыр. Жоғарыда айтылғандай, әлеуметтік-мәдени тәсілде аудиторияның техногендік төтенше жағдайлар туралы ақпаратты қабылдауының мүмкін модельдері ескеріледі, бұл журналистік мазмұнды құрудың технократтық тәсілінде мүлде ескерілмейді. В. Ковельо біздің назарымызды ақпаратты қабылдау, оған деген көзқарасты қалыптастыру жағдайларына аударады, теріс үстемдік моделінде (the negative domainity model) теріс хабарламалар көптеген оң бағытталған хабарламалармен теңестірілуі керек екенін атап өтті [6, 386 б.].

Мысал ретінде БАҚ-та "Булгария" кемесінің апатқа ұшырауымен (2011 ж.шілде), Саяно-Шушенск ГЭС апатымен (2009 ж. тамыз), Венгриядағы химиялық зауыттағы апатпен (2010 ж. қазан), "Фукусима-1" АЭС апатымен (Жапония, 2011 ж. наурыз), Boeing-737 апатымен (Ростов-на-Дону, 2016 ж.наурыз) және т.б. байланысты техногендік ТЖ жарияланғанына назар аударайық. БАҚ контентін талдау жедел хабарламалар, талдамалық және публицистикалық журналистік материалдар жасау кезінде негізгі моделі ретінде ТЖ жариялаудың технократтық моделі пайдаланылғанын көрсетеді. Журналистер "кеме жолаушыларды барлық нұсқауларды бұза отырып тасымалдады", "ГЭС турбинасы су ағынының жүктемесіне төтеп бере алмады", "атом электр станциясының реакторлық бөлімшесінде сутегі жарылды, радиация барлық тіршілік иелеріне қауіп төндіруде", "бақылау камералары құлаған ұшақты тіркеді" және т.б. деп жарыса жазды, телевизиялық репортаждарда бейнетаспа жақыннан түсірілген түсірілімдер мен трагедияның анық-қанығына назар аударылып, жағымсыз эмоцияларға толы болды. Пікір білдіруші ретінде билік өкілдері, ведомстволардың өкілдері, техникалық сарапшылар, қайғылы оқиғаға душар болған адамдар қатысты. Мұның бәрі журналистикалық материалдардағы жағымсыз ақпараттың үстемдік ету моделін қалыптастырды, оң ақпарат мүлде жоқ болды. Технократтық тәсіл журналистке оқиғалар мен техникалық ақпараттың үлкен көлемін жеткізуге мүмкіндік беретініне назар аударайық. Қысқа түсініктемелер және қысқа авторлық мәтінмен бірге, жақыннан түсірілген материалдарды қолдануға негізделген

бейне тізбегі бұқаралық аудиторияға жағымсыз психологиялық әсерді күшейтеді. Әлеуметтік-мәдени тәсілдің мысалы ретінде "Фукусима-1" АЭС (2011 ж.наурыз) қоса алғанда, бірқатар кәсіпорындарда техногендік аварияларды туғызған жер сілкінісімен байланысты қайғылы салдарларды жария еткен жапондық телевизиялық журналистер жұмысының ерекшеліктерін келтіруге болады [7]. Журналистер қайғылы салдарға, қираған жерлер мен адамдардың қиналғандарына баса назар қоймай, қарапайым адамдардың қиыншылықтарды қалай бірігіп жеңетінін айтып, көрсетті, олар журналистермен бастан кешкен қиындықтары туралы әңгімелерімен бөлісіп жатыр, бірақ сонымен қатар берілмейтіндерін де айтады. Билік өкілдерінің хабарламалары, түсіндіру сипатында болады және журналистік материалдарда басым назарға ие болып, бірінші орындарда болмады. Теледидардағы бейнелер объективтіліктің тепе-теңдігімен құрылады, шамадан тыс эмоционалды жақын түсірілімдерсіз, бұл төтенше жағдай әлеуметтік аспектіде бақылауда болады деген ойды қалыптастырады.

Әдетте, технократтық тәсіл, фактілерді жедел жеткізуге негізделген бұқаралық аудиторияға «қатал» жаңалықтар ұсынатын ақпараттық бағдарламаларда кездесетінін атап өткен жөн. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарындағы «жұмсақ» жаңалықтарда, түсініктемелерде, сұхбаттарда, репортаждарда әлеуметтік-мәдени элементтерімен технократтық көзқарас негізге алынады, бұл көбінесе журналистің жағдайды бағалауының жалпы негативті деңгейін төмендетпейді, ал бұл өз кезегінде бұқаралық аудиторияға белгілі ге әсер етеді. Осылайша, технократтық модельдің үстемдігі қоғамдағы алаңдаушылықтың жоғарылауын тудыруы мүмкін, бұл төтенше жағдайлардың салдарымен күресу кезінде қоғамға теріс әсер етуі мүмкін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ваганов П.А. Экологические риски.- С. -Петерб. ун-та, 2001.- 108 б.
2. Зверева В.В. «Настоящая жизнь» в телевизоре: Исследования современной медиакультуры.- РГГУ, 2012.
3. Зубков В.И. Социологическая теория риска: Учеб.пособие для вузов.- Академический проект М, 2009.- 9 б.
4. Ковалева М.С. Современная западная социология. Словарь.- Политиздат М, 1990.- 342 б.
5. Сидоров В.А. 10 Рассуждений о социологии журналистики: Учеб.пособие.- Санкт-Петербург: Петрополис, 2012.
6. Covello V. Risk communication the West Nile Virus Epidemic, and Bioterrorism// Journal of Urban Health(78).-№2.- 2001.-386 б.
7. Tanaka T. and Hara Y.(2012) The Great East Japan Earthquake: Transition of Information Transmitted within the 72 Hours after the Quake~ Analyzing TV coverage of the Disaster by Three Tokyo-based Stations. March 2012. URL: <https://www.nhk.or.jp/bunken/english/reports/summary/201203/01.html>.

**Юнусова Айман,**  
магистрант факультета филологии и  
мировых языков  
**Гульмира Мадиева,**  
заведующая кафедрой общего языкознания и  
европейских языков КазНУ

### **К юбилею великого учёного аль-Фараби**

Аль-Фараби является одним из самых известных просветителей Востока, которого называют представителем не только философии, но и музыки, математики. Спустя десяток веков, его имя до сих пор остаётся на слуху, а знания, оставленные им, используются человечеством по сей день. В этом году справляется 1150-летие аль-Фараби и по решению конференции ЮНЕСКО, 2020 год был включён в международный календарь памятных дат.

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби является лидером среди вузов Казахстана, предоставляя многопрофильный спектр обучения как для студентов Казахстана, так и для зарубежных студентов. Сегодня университет представляет собой интегрированный учебно-научный комплекс, где получают свое высшее образование более 20000 обучающихся. Поэтому университет и носит имя великого учёного, являясь своего рода олицетворением очага просвещения и науки.

Как студентка КазНУ, я наблюдала за рядом мероприятий, посвящённых юбилею «второго учителя». Одним из самых масштабных событий, приуроченных дате, было проведение международной конференции «Наследие аль-Фараби» 14 мая 2020 года. Сложившиеся обстоятельства по всему миру не стали препятствием в работе онлайн конференции. Участниками данного события стали фарабиеведы Казахстана, стран ближнего и дальнего зарубежья. Программа мероприятия включала три направления, как трактаты аль-Фараби, вопросы перевода философского текста и межкультурной коммуникации, трактовка трудов учёного обществом XXI века, а также насущные вопросы казахстанского фарабиеведия.

Мудрость аль-Фараби навсегда останется в истории, передаваясь из поколения в поколение, ведь мысли учёного касались не только точных наук, но и становления достойного человека. Так, хотелось бы завершить прекрасными словами выдающегося просветителя: «Душе, как и телу, присущи здоровье и болезнь. Здоровье души заключается в том, что состояния её частей бывают такими, благодаря которым совершаются всегда благие поступки, добрые дела и прекрасные действия.»

**Джайдакпаевой С.У.**, Магистрант факультета  
филологии и мировых языков  
Специальность «Иностранный язык:  
два иностранных языка»

**Жамбылқызы Марина** Доктор PhD и.о. доцент кафедры  
общего языкознания и европейских языков

### **КАЗНУ и его верность своей миссии**

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби удостоен высокого международного признания Организацией Объединенных Наций и образовательным сообществом за свой неизмеримый вклад в реализацию устойчивого развития. Единственный по СНГ казахстанский университет удостоился чести на протяжении четырех лет возглавлять Глобальный ХАБ по программе ООН «Академическое влияние на устойчивое развитие мирового академического сообщества». Имея такие доверительные полномочия, университет активно координирует и вовлекает международное образовательное сообщество в реализацию целей непрерывного развития человечества, сохраняя ресурсы планеты, направляя все усилия на сохранение экосистемы, развивая инновации, обеспечивая качественное и доступное образование, ведя (направляя) общество к благополучию.

В этих достижениях есть определенный вклад факультета Филологии и мировых языков. У ее основания стояли выдающиеся личности, как М. Ауэзов, А. Маргулан, Б. Кенжебаев, М. Балакаев, внесшие большой вклад в систему высшего образования Казахстана. Сегодня на кафедре общего языкознания и европейских языков работают передовые преподаватели и ученые. Профессорско-преподавательский состав периодически проходят повышение языковой и методической квалификации на различных курсах, организуемых British council, Посольством США, Macmillan, Interpress.

Интерес к изучению иностранного языка был всегда и даже возрос за последнее время. Согласно правительственной программе государства, Казахстан войдет в число высокоразвитых стран. Каждый гражданин должен знать один из иностранных языков, наряду со своим родным. Университет поддерживает данную политику. Направленность КАЗНУ сфокусирована на полноценную интеграцию университета в мировое образовательное пространство. Университет стремится, чтобы квалификации наших специалистов признавались за рубежом и в совместных компаниях. Очень много выполняется в области послевузовской подготовки для международного сотрудничества по обмену студентов и развития академической мобильности.

Для того, чтобы удовлетворить желание студентов устному владению иностранного языка, кафедра Филологии и мировых языков ежегодно проводит «Магистерскую конференцию» с выступлениями магистрантов на английском языке на темы своих диссертации. Конференция очень репродуктивная и презентабельная. Подготовка к выступлению совместный процесс преподавателя и магистранта. Данное мероприятие помогает выступающим быть морально удовлетворенным от полученных результатов своего труда, а также в умении преодолеть волнение перед аудиторией, который всегда вызывает выступление на английском языке перед слушателями.

Этот год знаменателен, как не простое время, когда с наступлением пандемией перешли на дистанционное обучение. Вынужденная мера в непростое для общества время. Университет выдержал испытание. Более того доказал оказанное высшее доверие.

Закрепил свою позицию в топе лучших ВУЗов страны. Не сбавился ход учебного процесса. Были разработаны дополнительные ресурсы, внутренние программы, проекты для комфортного обучения.

На сайте системы «Универ» была открыта страница «Дистанционное обучение», где ведется подробное разъяснение об организации занятий в режиме дистанционного обучения. На этой странице студенты могут познакомиться с подробным инструктажем по основным платформам Moodle и Универ, где можно прочитать всю информацию по дистанционному обучению. Выложены обучающиеся видеоролики. Разработана горячая линия для вопросов по отдаленному обучению, где координаторы дистанционного образования подробно ответят на все вопросы. Доброжелательные кураторы-эдвайзеры тоже готовы помочь в случае трудности с адаптацией в процесс дистанционного обучения.



**Абдыханов Акназар Айданұлы**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
№83 «Еркем-ай» балабақшасының  
дене шынықтыру нұсқаушысы

### **Эстафеталық ойындар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру**

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет.

Алғашқы Президентіміздің елге арнауында «Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ынталандыру, мына ыңғайға бағытталған, әр қайсымыз дене шынықтыру жаттығуларымен жұмыс жасауымыз керек. Біздің стратегиямыз күресу жөнінде және денсаулықты нығайту жаны сау адамның өмірге құштарлығы да, еңбекке ынтасы да зор. Біз педагогтар осы бағдарламаға сүйене отырып Қазақстан - 2030 жылы балалардың денсаулығын нығайту жөнінде қимылды ойындарды қоса үлкен жұмыс жүргізу». Қимылды және эстафеталық ойындар - балалардың дене қимылдарының (ептілік, шапшаңдылық, төзімділік) жетілдіруін кеңістікті бағдарлай білуін дамытатын жарыс элементтері бар спорттық ойындар, мазмұны алуан түрлі қимылды эстафеталық ойындарды кенінен пайдалану қажет. Ойын - оқыту, өсіру, денсаулықты нығайтумен қатар тәрбиелейді. Көпшілік адамдар арасында өмір сүру, айналасына қайырымды болуға, адал, қиналған кезде қол ұшын, жәрдем беруге тәрбиелеу. Басқа адамның сөзін тындауға, қуанышын бөлісуге, қиын жағдайда жәрдем беруге, өз ойымен басқа адамның ойын салыстыра білуге осының бәрі тәрбиеге, сыйластыққа жатады, үлкенге жәрдем беріп, кішіге қамқор болуға (Не жақсы, не жаман) екенін айыра білуге сахналық ойын пайдалануға болады.

Эстафеталық ойындар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырудың мақсаты: Балалардың денесін шынықтыруға, денсаулығын нығайтуға, дұрыс өсіп

қалыптасуға үйрету, жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға үйрету. Спортпен айналасудағы әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларының әдістерін үйрету, оларды қолдану. Жаны таза ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Өз тәжірибемде ортаңғы топтар арасында ұйымдастырылған «Көңілді эстафета» сайысын өткіздім.

Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын,  
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,  
Болашақ спортшылар келді ортаға  
Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

**«Сұңқар» тобы.**

**«Тұлпар» тобы**

Сайыс 4 бөлімнен тұрады:

**I – бөлім. Таныстыру.**

Екі топ өздерін таныстырады.

1 — топ «Сұңқар» ұраны: «Сұңқарлар алға, биікке самға, ешкімнен қалма!»

2 — топ «Тұлпар» ұраны: «Тұлпар болып шабамыз, сұңқардан біз озамыз»

**II – бөлім. «Кім епті?»**

Межеге дейін кеглидің арасымен еңбектеп барып,межені айналып жүгіріп келу.

**III – бөлім. «Кім жүйрік?»**

Машинамен межеге дейін барып, кері келу.

**IV – бөлім. «Кім күшті?»**

Еденде жатқан шығыршықтан шығыршыққа секіріп межеге дейін барып, межені айналып кері келу.

**Әділқазылар алқасына сөз береміз.**

Спорт – көркі өмірдің,

Спорт- досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп, толарсың, — демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік!

Қатысқан тәрбиеленушілер «Арнайы дипломмен» марапатталды.

**Жұмысымның нәтижесінде:**

- 1) Әр баланың білімі, қабілеті қалыптасады.
- 2) Тәрбиеленушінің бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Балалар қиындықтарды жеңеді.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.



**Динара Мұхтар**  
Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің  
халықаралық журналистика мамандығының  
2 курс магистранты. Жетексшісі: ф.ғ.д., **Шыңғысова Н.Т.**

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ АГРЕССИЯНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың көрінісі туралы шетелдік дереккөздерге шолу жасалады; нақты сандық индикаторлар келтірілген және ересектер мен кәмелетке толмағандардың өмірінде пайда болатын мінез-құлық үлгілері сипатталған. Қазіргі заманғы ақпарат құралдарындағы тілдік агрессияның көрінісіне ерекше көңіл бөлінеді.

**Түйін сөздер:** агрессия, зорлық-зомбылық, БАҚ, компьютерлік ойындар, теледидар, интернет, тіл агрессиясы.

### *Аннотация*

В статье приводится обзор зарубежных источников по проблеме проявления агрессии и насилия в СМИ; приводятся конкретные цифровые показатели и описываются паттерны поведения, которые могут появляться в жизни взрослых людей и лиц, не достигших совершеннолетия. Отдельное внимание уделяется проявлению языковой агрессии в современных СМИ.

**Ключевые слова:** агрессия, насилие, средства массовой информации, компьютерные игры, телевидение, Интернет, языковая агрессия.

### *Annotation*

The article provides an overview of foreign sources on the problem of manifestation of aggression and violence in the media; specific digital indicators are given and patterns of behavior that can appear in the lives of adults and those under the age of majority are described. Special attention is paid to the manifestation of language aggression in modern media and advertising.

**Keywords:** aggression, violence, media, computer games, television, the Internet, language aggression, advertising.

Қазіргі таңда жарнамадағы зорлық-зомбылық пен агрессияның түрлі көріністері туралы тиісті зерттеулер іс жүзінде жоқ және бұқаралық ақпарат құралдарында отыз жыл бұрын агрессияға қатысты жүргізілген зерттеулер бұрыннан өзектілігін жоғалтты деп айтуға болады. Бейне ойындарды зерттеу жұмыстары заманауи технологиялардың және инновациялардың артынан ілесіп үлгермей жатыр, ал интернеттегі контентті зерттеу жұмыстары өте аз. Зорлық-зомбылық пен агрессияның көріністерін анықтау және санау үшін әртүрлі заманауи стандарттарды қолданатын физикалық агрессиялық көрнекі (іс жүзінде көрсетілген және бейнеге түсірілген) жазбалар, сондай-ақ тікелей немесе жанама түрде болған ауызша қорқытулар мен қорлаулар зерттеу жұмыстарында өзгертіледі.

Қазіргі қоғам әдетте күн сайын бұқаралық ақпарат құралдарына көп уақыт бөледі. «Кайзер» отбасылық қорының мәліметтері бойынша адамдар орта есеппен күніне алты-жеті сағаттан көп уақытты экран алдында өткізеді (теледидар, компьютер, телефон). Зерттеу жеті жылдан астам уақыт бұрын жүргізілгенімен, оның деректері әлі де өзекті.

Шетелдік зерттеулерге сәйкес, қазіргі уақытта теледидарда немесе кинотеатрларда көрсетілетін фильмдердің 90% -ы, бейне және компьютерлік ойындардың 70% -ы, бағдарламалар мен ток-шоулардың 55% -ы және музыкалық бейнебаяндардың 20% -ында зорлық-зомбылық пен агрессия элементтері бар. [1] Айта кету керек, адамға белгілі бір деңгейде әсер ету оның күн сайын көретін телевизиялық шоудың немесе фильмнің нақты түріне, ол ойнайтын компьютер немесе бейне ойынға және ол тыңдайтын музыканың нақты

жанрына байланысты. Агрессия мен зорлық-зомбылық көріністерінің сипаты мен жиілігі әр түрлі болады, адамдардың көпшілігі бұқаралық ақпарат құралдарында күнделікті болып жатқан физикалық немесе ауызша агрессия мен зорлық-зомбылықтың көптеген түрін көреді. [2]

Бұқаралық ақпарат құралдарының әр түрлі түрлері мен олардың әсер ету деңгейлерінің әсерінен көптеген адамдар өздерінің жеке басының қауіпсіздігі туралы алаңдай бастайды. Жақын адамдары немесе әлеуметтік ортадағы мүшелер агрессивті мінез-құлық көрсетеді деп қауіптенеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалынан құтылу, оларды толығымен қабылдамау, кейбіреулердің пікірінше, өзін-өзі қорғаудың таптырмас құралы болып табылады. Алайда, зорлық-зомбылық жиі кездеседі, өйткені олар күн сайын экранда көрсетіледі.

Екінші жағынан, қажет болған жағдайда, жасөспірімдер мен ересектер бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде теледидар, ойындар және Интернет арқылы алған ақпараты ақылға қонымды және тіпті ұтымды бола алады. Сондықтан, экранда және Интернетте көрсетілген басқалардың стандартты емес агрессивті әрекеті барлық көрермендер мен пайдаланушыларға міндетті түрде қатыгездік көрсетуге түрткі болады деген сөз емес. [3]

Сонымен қатар, қазіргі заманғы адамдар тез дамып келе жатқан қоғамда өмір сүреді және олар қолданыстағы әлеуметтік нормалар мен стандарттарды құрметтеуге бейім. Егер агрессия мен зорлық-зомбылық қоғамға жат болса, бұл адамдар бірнеше себептермен белгілі бір қоғамға қарсы мінез-құлыққа бейім екендігі белгілі болмайынша, ешқашан мұндай қатыгез немесе агрессивті әрекет етпейтінін білдіреді. Әлеуметтік ғылымдар докторларының пікірі бойынша, жасөспірімдер мен ересектер өздерінің әлеуметтік қауымдастықтарында қолайлы ережелер мен заңдылыққа сәйкес өмір сүреді.

Алайда, бұқаралық ақпарат құралдарының олардың жиі көрінісі тұрғысынан жағымсыз әсері туралы идеяға қарсыластар бар. Олар бұқаралық ақпарат құралдарындағы агрессия мен зорлық қазіргі қоғамға жалпы теріс әсер ете алмайды деп болжайды. [4] Алайда, бірқатар зерттеушілермен келісе отырып, біз мұндай мәлімдемелер сәйкес емес деген тұжырымға келеміз, өйткені олардың авторлары бұқаралық ақпарат құралдарының көп деңгейлі аудиторияға тигізетін әсерін нақты бағаламайды. Егер балалар, жасөспірімдер және тіпті ересектер бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде зорлық-зомбылыққа ұшырап, оның көріністерін бақылайтын болса, олар оны аномальді емес, асоциалды нәрсе деп түсінеді. Шын мәнінде, қалыпты ортадағы көрерменнің агрессия мен зорлық-зомбылыққа деген әдеттегі психологиялық реакциясы - жиіркеніш. Алайда, егер бұл адам теледидардан агрессия мен зорлық-зомбылықты қайта-қайта көретін болса, онда бұл көріністер оны қатты таңғалдырмайды, дәл сол көрермен агрессия мен зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай деп қабылдай бастайды. [5] Бұқаралық ақпарат құралдарындағы агрессия мен зорлық-зомбылыққа деген көзқарасы, нақты өмірдегі агрессия мен зорлық-зомбылыққа деген көзқарасы өзгерген кезде, ол оның әлеуметтік өмірінің күнделікті бөлігіне айналады, жеке адам агрессия мен зорлық-зомбылықты қолданыстағы көптеген мәселелерді шешудің тиімді және тез тәсілі деп санай бастайды. Қазіргі кездегі қоғамдағы жағымсыз оқиғалар туралы көптеген ток-шоулар көрсетіледі. Көбінесе экранда көрсетілген бір мысал сол үлгіні қайтадан қайталауға итермелейді. [6]

Сонымен қатар, балалар, жасөспірімдер мен кез-келген жастағы ересектер БАҚ-да агрессия мен зорлық-зомбылықтың әсерін оңай сезінетінін және ереже бойынша балалардың неғұрлым сезімтал болатындығын атап өткен жөн. Балалар мен мектеп оқушылары теледидардағы көріністі ересектерге қарағанда мүлде басқаша қабылдайды. Олар әрдайым шындық пен ғылыми фантастика әлемін теледидардан (кейде Интернеттен) ажырата алмайды. Олар ненің жақсы және жаман екенін анықтай алмайды, өйткені олардың ішкі қасиеттері мен жеке құндылықтары тек енді ғана қалыптасып жатады. Нәтижесінде, жас балаларға жалпы әсер әдетте олардың әлеуметтік қатынастарына әсер ететін мінез-құлықты қалыптастыруға әкеледі және тіпті девиантты мінез-құлықты тудыруы мүмкін. [7]

Психикасы әлсіз адамдар автоматты түрде өздерін шынайы өмірде немесе бұқаралық ақпарат құралдарында байқайтын қауіпті мінез-құлық сценарийлерін, сондай-ақ агрессивті және зорлық-зомбылықты қолдайтын түрлі эмоционалды реакцияларды өз ойында сынап көреді. Әсіресе қоғамдағы мінез-құлық үлгілерін салыстыру балаларды, жасөспірімдерді және тіпті ересектерді бұқаралық ақпарат құралдарында немесе нақты өмірде өзін-өзі агрессивті ұстайтын адамдарды іздеуге итермелейді, бұл үнемі төмендеп бара жатқан спиральға әкеліп агрессивті және қатал мінез-құлық қаупін арттырады.

Медиадағы агрессия өмірдегі нақты агрессия мен зорлық-зомбылықтың «себептері» емес, «қауіп факторлары» деп қарастырған дұрыс болар. Дисфункционалды отбасылар мен аудандарда тәрбиеленетін балалар мен жасөспірімдердің барлығы бірдей агрессивті және қатыгез бола бермейді. Зорлық-зомбылық фильмдерін көріп, қантөгіс компьютер мен бейне ойындарын ойнаған барлық балалар, жасөспірімдер мен ересектер өмірде бірдей агрессивті бола бермейді. [8]

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы тіл агрессиясының көрінісіне ерекше назар аудару керек. Қазіргі әлемде медиа «төртінші билікті» білдіретін үлкен күшке ие. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары көне тілдік функцияларды алып тастай отырып, сендіру және ықпал ету функциясымен ерекшеленеді. [9] Біз бір жағынан қазақ тілінің нормаларын демократияландыру, екінші жағынан бұқаралық ақпарат құралдарының халыққа жақындауға деген ұмтылысымен туындаған тіл агрессиясының көбеюінің куәсі болып отырмыз. Тілдік агрессия адамдарды басқаруға мүмкіндік береді.

Тілдік агрессия тек бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, күнделікті өмірде жиі кездеседі және оны анықтауға арналған көптеген нұсқалар бар. Қарастырылатын тақырып үшін Е.В.Власова жұмысында берілген анықтаманы алайық: «Тілдік агрессия - бұл тіл арқылы қабылдаушының санасына әсер ету, дәлірек айтсақ, сұхбаттасушыға (оқырманға) белгілі бір көзқарасты айқын және табанды түрде қою, оны таңдау мен өз тұжырымдарын шығару, фактілерді өз бетінше талдау мүмкіндігінен айырады». [1]

Бұқаралық ақпарат құралдарында тіл агрессиясын тарататын бірнеше факторлар бар. Біріншіден, бұл қоғамның мәдени деңгейінің төмендеуі, екіншіден, қазақ тілінің нормаларын бақылаудың жалпы деңгейінің төмендеуі, үшіншіден, өз аудиториясын басқару үшін медиа-тіл агрессиясын шебер қолдануы.

Қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарына көбінесе Интернет арқылы сөйлесу стилі, әлеуметтік желілердегі күнделікті сөйлесу ерекшеліктері әсер етті. Мұның бәрі инвективті (ренішті) лексиканы кеңінен қолдануға әкелді. Инвекциялық лексика бойынша Н.Е. Петрова және Л.В. Рацибурская әдеби және әдеби емес сөздер мен сөз тіркестері, олардың қолданылуы қоғамдық мораль нормаларын бұзады және ауызша агрессияның болуын көрсетеді деп түсіндіреді. [2]

Өкінішке орай, журналистер жиі қолданатын агрессивті мәлімдемелерді атап көрсететін инвективті лексика журналистік этикаға қайшы келеді. Журналистік форматты мысқылмен айтуға және сұхбаттасу туралы қате пікірлерді мақсатты түрде сынға алуға негіз жоқ. Интернеттегі инвективті, белгілі бір дәрежеде виртуалды байланыстың нормасы деп санауға болады, бірақ оларды бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану басқамен қақтығыс тудырады және ол жеке сипатта емес, бірақ көбінесе идеологиялық сипатта болады. Тілдік агрессия бұл жерде адамның психикасына қорлау және психологиялық қысым жасау үшін қолданылады.

Қазіргі заманғы ақпарат құралдарының лексикасы жалпы әлеуметтік жағдайдағы жағымсыз эмоциялармен байланысты. Журналистердің эмоционалды агрессивті мәлімдемелері аймақтардағы қорқыныш, үмітсіздік пен қатыгездікті арттыратын проблемаларды анықтайды. Қазіргі БАҚ-та мәдени-ағартушылық функция мүлдем жоғалып барады, бірақ басты функция - аудиторияны басқару арқылы оған гипертрофиялық әсер ету.

Кез-келген жағдайда аудиторияның назарын ұстап қалу үшін барлық құралдар қолданылады, соның ішінде тілдік агрессия құбылысының дамуына себеп болған базалық инстинкттерге

үндеу. Тілдік агрессия дегеніміз этикалық және эстетикалық нормалардың бұзылуымен біреудің немесе бір нәрсенің теріс бағасын айқындатып көрсету кезінде болады. Оқырмандарда айқын жағымсыз эмоциялар тудыру үшін мәтіндерді теріс ақпаратқа толтырады.

Бұл жерде айта кету керек, жеке тұлғаларға, ұйымдарға және басқаларға қатысты жағымсыз тұжырымдар жасалмайды, оны лингвистикалық агрессия деп санаған жөн. Әйтпесе, кез-келген сынды жағымсыз құбылыс деп санауға болатын еді. Сыни ескертулер мен сыни талдау бұқаралық ақпарат құралдарында болуы керек, бірақ мұның бәрі сенімді дәлелдерге негізделуі керек және ешқандай жағдайда адамды қорлауды немесе төмендетуді мақсат етпеуі керек. Тілдік агрессия мен сынның келесі айырмашылықтарын келтіруге болады. Тілдік агрессияның қолдану кезінде автор тілдік жанжал тудыруға, адресатты қорлауға, жағымсыз эмоциялар тудыруға тырысады. Ал кез келген негізделген сынның мақсаты – сын бағытталған адамды жақсарту, адресаттың мазмұнын жақсартудың маңыздылығын түсіндіруге ұмтылу. [10]

Сонымен, қорытындыласақ демократияның дамуы, қоғамдық өмірді ырықтандыру, өкінішке орай, сөйлеу қызметі саласындағы жағымсыз құбылыстардың пайда болуына себеп болды. Бұқаралық ақпарат құралдарында ауызша қорлауға, ар-намысы мен беделіне нұқсан келтіретін ақпарат жариялауға, жала жабуға байланысты қақтығыстар көбейіп келеді. Біз «тіл қақтығысы», «тіл агрессиясы» сияқты ұғымдардың пайда болғанына куә болып отырмыз. Тілдік агрессия жанжалды шешудің тиімді тәсілі емес, көбінесе оның өршуінің себебі болып табылады. Тілдік агрессия бұқаралық ақпараттық құралдарда, жарнамада, көрермендерге экспрессивті үндеулер жасауда, адамдардың әрекеттері мен ойларын басқаруда жиі қолданылады. Сол ақпаратты «тұтынушылар» біріншілердің манипуляция жасау объектісіне айналғанын түсінбей қалады.

Бұл проблемаларды қоғамдық айыптау деңгейінде де, құқықтық деңгейде де, заңнама мен сот жүйесінің көмегімен шешу қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- [1]. Власова, Е.В. Речевая агрессия в печатных СМИ, 2005. 96 б.
- [2]. Петрова, Н.Е. Язык современных СМИ: средства речевой агрессии. / М.: Флинта: Наука, 2011.160 б.
- [3]. Балахонская, Л.В. Иноязычная лексика как средство речевой агрессии в рекламном дискурсе.URL: [http://yspu.org/conferences/the\\_person\\_in\\_informationfield2012/8/Balahonskaya.pdf](http://yspu.org/conferences/the_person_in_informationfield2012/8/Balahonskaya.pdf)
- [4]. Policy statement – Media violence // Pediatrics. 2009. Vol. 124. P. 1495–1503.
- [5]. Ferguson, C.J. The public health risks of media violence: A meta-analytic review / C.J. Ferguson, J. Kilburn // Journal of Pediatrics. 2009. №154 (5). P. 759–763.
- [6]. Gentile, D.A. Reassessing media violence effects using a risk and resilience approach to understanding aggression / D.A. Gentile, B.J. Bushman // Psychology of Popular Media Culture. 2012. №1. P. 138–151.
- [7]. Rideout, V.J. Generation M2: Media in the lives of 8- to 18-year-olds / V.J. Rideout, U.G. Foehr, D.F. Roberts. Washington: Menlo Park; Kaiser Family Foundation, 2010. 80 p.
- [8]. Media Violence Commission, International Society for Research on Aggression (ISRA). Report of the media violence commission // Aggressive Behaviour. 2012. №38. P. 335– 341.
- [9]. Saleem, M., Anderson, C.A. The good, the bad, and the ugly of electronic media // Dvoskin J., Skeem J.L., Novaco R.W., Douglas K.S., etc. Applying Social Science to Reduce Violent Offending. New York: Oxford University Press, 2012: P. 83–101.
- [10]. Wilson, B.J. Media violence and aggression in youth / B.J. Wilson // Calvert, S. & Wilson, B. (Eds.) The handbook of children, media, and development. West Sussex, UK: Blackwell, 2008. P. 235–267.

**Едилова Данара**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
№89 "Қыз Жібек" балабақшасының  
тәрбиешісі

## **ТӘРБИЕШІ БАЛА ЖҮРЕГІНДЕ**

*Жақсы өнеге мен тәрбие түземеген адамды мен көрген емеспін.*

***В.Белинский***

«Ақыл-ой, сана-сезім шырмаусыз, оралғысыз өсетін заманның жас ұландары ең алдымен қорлы, мол білім алуға тырысулары керек» - деп Ғабит Мүсірепов тілге тиек еткеніндей, қандай кедергі, сынақтар болмасын, білім беру жүйесі үздіксіз жүзеге асырылуы шарт. Пандемия жағдайындағы дәл қазіргі әлемдік арнада білім беру саласында түрлі жаңалықтар орын алып отырғаны белгілі. Бұл мектепке дейінгі мекемелер қызметіне де қатысты болып отыр. «Тәрбиеші-ата-ана-тәрбиеленуші» үштігін нығайту, баланы қашықтан тәрбиелеу мен дамытудың тиімді әдістемесін қалыптастыру, баланың жүрегінен орын ала отырып, балабақшадағы оқу-танымдық әрекеттеріне қызығушылықтарын арттыру сынды бағыттарда түрлі жұмыстар атқарылып, кері байланыстар алынуда. Мұның барлығы балабақша мен отбасы байланыстарын тереңдету мақсатында жүзеге асырылып келеді. Тәрбиешілер оқу тапсырмаларын өз тәрбиеленушілеріне ыңғайлап жаңа форматта дайындауы – білім берудің жаңа тенденциясының қалыптасуы.

Адам жанының бағбаны аталған тәрбиешінің жас ұрпақты дамытуда рөлі ерекше екенін атап өтудің өзі артық болар. Шыр етіп дүние есігін ашқан балаға тәрбие беріп, болашаққа қанаттандыратын ата-ана болса, қоғамға, қоршаған ортаны танып, адами құндылықтарды меңгеруінің алғашқы кезеңі тікелей тәрбиеші арқылы жүзеге асады. Баланы ерте жастан дамытып, адамгершілік, ақыл-ой, дене, еңбек, эстетикалық тәрбиенің бастау бұлағымен сусындататын тәрбиешінің тұлғасы қай кезде де үлгі тұтарлық образ болып қалатыны хақ. Бір емес, бірнеше баланың көңілін тауып, оларды адам боп қалыптасудың жаңа кезеңіне беттеу – шығармашылық пен шыдамдылықты қажет ететін жауапкершілігі мол әрекет. Сондықтан тәрбиешінің бала жүрегіне мәңгілікке қалуы – заңдылық.

Бір отбасының аялап, мәпелеп отырған үміт ақтарларын жаңа өмірге даярлау барысында, жаңа ортаға бейімдеу кезеңінде тәрбиеші өзіндік екі жақты тиімді әдістемені қолданады. Бұл әр тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, көпшілік ортаға бейімделу бағыттарын, қалауларын, өзара қарым-қатынастарын, тәрбиенің арналарын ескере отырып жасалынады.

Оқу сағаттарында тәрбиеленушіні нәтижеге бағыттап отырып, оқу әдістерін үдеріске тиімді енгізу – бала жүрегіне жол табудың алғашқы қадамы. Балабақша кезеңіндегі ең тиімді және баланы көңілдендіре түсетін әдістер қатарына мақтау, мадақтау, ынталандыру, мақұлдау жатады. Баланың жеткен әр жетістігі – ол үшін жеңіс. Сондықтан оған қолдау жасап, қошемет білдірудің маңыздылығы ерекше. Мысалы: қашықтан берілген тапсырманы орындауға деген қызығушылықты арттыру үшін тәрбиеленушілердің назарын аударатындай кіріспе керек: ол ойын, видео-сергіту т.б. сипатында болуы мүмкін. Тапсырманы орындаған әр өренге стикер жіберу, мақтау-

мадақтау, жеткен жетістігін мақұлдап отыру, өзге қатарластарына үлгі ретінде таныту – күнделікті оқу-тәрбие үдерісіндегі менің кері байланыстағы әрекеттерім.

Оқу жоспарына сәйкес меңгерілуі тиіс білім, білік, дағды біздің жағдайымызда тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында тиімді жүзеге асырылып келеді. Бұлай деуіме себеп: тәрбиеленушілердің дереу кері байланыс жасап, тапсырмаларды жарыса орындауында. Кіп-кішкентай өрендер болса да, балабақшадан оқып-білгендерінің нәтижесінде өзара байланыста белсенділік танытып келеді. Жіберілген материалдарды меңгеріп, өз түсініктерін жеткізуі, аппликациялық дүниелерді туындатуы, колөнерлік сабақтарының туындылары, дене шынықтыру видеолары, «Біз біргеміз, біз үйдеміз» акциясын қолдаудағы ынтымақтастық пен нәтиже – менің үміт ақтар жас өрендеріммен қашықтан жасалынған педагогикалық әрекеттерімнің жемісі, тәрбиешілік әрекетімнің бала жүрегінен орын алған көрінісі.

Тәжірибелі педагог К.Д.Ушинский адам өміріндегі тәрбиешінің рөлін мына дәйексөзі арқылы келтіреді: «Тәрбиеші өзін өткен мен болашақтың арасында тірі дәнекермін, шындық пен жақсылықтың күдіретті жауынгерімін деп біледі және ол өзінің сырт қарағанда қарапайым екендігін, бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін, бұл істен көптеген ұрпақтар нәр алатынын түсіндіреді». Демек, мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші тұлғасының бала өмірін қалыптастырудағы рөлі өте зор. Жақсылық пен жамандықты айыра білуді, мейірімділік пен қатігездікті тану жолындағы ұстанымды, ғылымның алғашқы баспалдақтарына оң қадамдарды, отбасы, Отан, тұлға ұғымдарының негізін қалауға септесетін ТӘРБИЕШІ өзі тәрбиелеген өренінің жүрегінде ойып орын алатыны хақ.

**Едилова Динара**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
№89 "Қыз Жібек" балабақшасының  
тәрбиешісі

## **ТӘРБИЕШІ БАЛА ЖҮРЕГІНДЕ**

*Мұғалімнің атқаратын қызметі өте құрметті.*

*Әрі тамашалығы соншалық,  
күн астында мұндай қызмет жоқ.*

***А.С.Макаренко***

Жер жаһанды жайлаған төтенше жағдайлар өмірдің барлық салаларын сынап қана қоймай, жаңа арнаға бет бұруға әкелгені баршамызға аян. Сол салалардың қатарында білім беру жүйесі ерекше аталады. Аяқтан шалған кедергі, емі жоқ дерттің белең алуына қарамастан білім беру, оқыту, тәрбиелеу үдерістері еш толастамауын мақсат еткен елімізде 2019-2020 оқу жылының соңғы айлары жаңашылдық пен өзгерістерге толы болғаны белгілі. Бұл «ата-ана-балабақша-тәрбиеші» үштігінің берік қалыптасуына негіз бола отырып, қашықтан оқыту жүйесіне бетбұрыс жасаудың алғашқы қадамдары еді. Себебі, еліміздің білім беру жүйесі тарихында жаппай қашықтан оқыту бастамасы жүзеге асырылмағандығын ескерсек, бұл арнада қызмет жасау тәрбиешілерге артылған зор сенімнің айғағы, дәлелі болмақ.

Адам жарық дүние есігін ашқаннан кейін негізгі заңдылық дамуға бағынады. Бұл – ақыл-ой, сана-сезім, түйсік және басқа да тұлғалық ерекшеліктерінің әр жас межесіне өткен сайын дамып отыруы. Адами құндылықтардың діңгегі, бастау негізі отбасында жүзеге асқанымен, тікелей жетілдіруші мекеме – мектепке дейінгі балабақша. Өзін қоршап тұрған дүниеге қызығушылық, білуге ұмтылыс, қызықты сауалдарына жауап алу, тәрбиенің сан бағыттарымен (ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық, құқықтық, рухани-адамгершілік, экономикалық) сусындауда мектепке дейінгі мекеме қызметкері, яғни тәрбиеші ерекше маңызға ие болады. Жанынан нұр, көзінен шуақ, әрекетінен мейірім төге жүріп, әр тәрбиеленушінің жүрегіне жол табу арнасында өзіндік қайталанбас әдістемені қалыптастыратын шебер педагог алдында ата-ана бас иіп, үміт ақтар перзенттерін сеніммен тапсыра алады.

Балабақшадағы кезең:

- тәрбиеленушілерді білім әлеміне жетелейтін алғашқы баспалдақ;
- ой-өріс көкжиегін кеңейтетін қуатты қару;
- адам болуға талпыныстың алғашқы бетбұрысы;
- тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынастың өзектілігін танытатын бағыты;
- жазу, сызу, оқу негіздерін меңгертудің сара жолы;
- оқушылық өмірдің жарқындығына бастау сыйлайтын бағдаршам;
- бақыт әлеміне ұмтылған тәрбиеленуші талпынысының айқын айнасы.
- Ойын әрекетімен тығыз байланысқан екі жақты үдерістің нәтижесі.

Міне, осы әрекеттерді төтенше жағдайлар аясында жүзеге асыру еш толастамауын мақсат еткен білікті тәрбиеші ретінде WhatsApp желісінде өз тәрбиеленушілеріммен қашықтық тапсырмаларын орындаудамыз. Бұл әрекеттердің ең

басты мақсаты – оларды жалықтырып алмай, тиісті білім, білік, дағдыларды жеткілікті деңгейде меңгеру, балабақшадағы игерілген материалдарды әрі қарай жетілдіру. Видеосабак, жаттығу роликтері, түрлі челленджерге ат салысу, маңызды әрекеттерде өзінің тұлғалық позициясын ұстану, сурет, аппликация, қолөнер бұйымдары т.б. формаларында жұмыс жасаған ата-аналарға да, тәрбиеленушілерге де ыңғайлы болмақ. Дегенмен, жаңашылдыққа бет бұру барысында қиыншылықтар да жоқ емес: қалыптасқан жүйеден жаңа бағытқа бет алған бүлдіршіндерді үйрету, дағды қалыптастыру, жаңа білімдерді меңгерту, тынбай еңбектену мен мықты ерік-жігердің ғана нәтижесі болмақ.

Балабақшадағы шәкірттер-жаңа өсіп келе жатқан өскіндер. Оған қандай күтім жасасақ, солай жеміс береді. Дәл сол секілді балабақшадағы топ тәрбиешісі әр шәкіртінің жазу-сызуына, сөйлеу мәнеріне, адами мәдениетті қалыптастыруына мән беріп қана қоймай, өскін секілді жайқалуына септігін тигізуі керек. Бұл бағытта ерекше махаббатпен, айрықша сүйіспеншілікпен, асқан мейірімділікпен ғана бала жүрегінен орын тауып, үлгі етерлік тұлғасына айналудың маңызы зор. Ес біліп, тұлға болып қалыптасқан соң өмірге бейімдеген алғашқы тәрбиешісі жайлы жылы естеліктер айтып отыратын адамдарды жиі кездестіруіміздің мәні де сол: жүрегінің түкпірінен орын алып, ұмытылмастай ықпал еткен тәрбиешінің үлгілік әрекеттері.

«Бала жөнінде әділ және дұрыс пікір айту үшін оны өз ортасынан өзіміздің ортамызға алып келмей, өзіміз олардың рухани дүниесіне көшуіміз керек» - деп Н. Пирогов айтқандай, дәл қазіргі жағдайдағы білім негізі – балалармен тығыз байланысты қамтамасыз еткен нәтижемен сипатталатын көрсеткіш. Бақыт шыңына жетелеумен қатар артынан ерген әр тәрбиеленушінің жүзіне нұр, ізіне гүл, бойына талап, қиялына қанат бітіріп, өмірдің келесі кезеңіне абыроймен аттандырудың өзі – жүрек қалауым!